Инфрақұрылымға салынатын инвестициялар құрылысқа және қолданыстағы инфрақұрылымдық жобаларды жақсартуға арналған шығыстарды жабады. Инфрақұрылымға салынған инвестициялар инфрақұрылымдық секторлар жұмысының тиімділігін айқындайтын негізгі фактор болып табылады. Инфрақұрылымдық инвестициялар негізі МЖӘ көмегімен жүзеге асырылады. Жалпы, МЖӘ – бұл бір тараптан, бір мерзімге заңды түрде ресімделген және ресурстарды біріктіруге, тәуекелдерді бөлуге негізделген және жеке инвестициялардың инфрақұрылымын дамытуға тарту мақсатындағы, екінші тараптан жеке эріптестің ынтымақтастығы.

25 диаграмма : Өңірлер бөлінісіндегі тартылған капитал

⁹ "QazTech Ventures" АҚ 2009-2020 жылдардағы жылдық және қаржылық есептері



Дереккөзі: «2020 Preqin Global Private Equity & Venture Capital» есебі

Соңғы үш жылда инфрақұрылымдық активтер нарығына тартылған капитал сомасы орташа жылдық қарқынмен 9% деңгейінде тұрақты өсті. 2019 жылы инфрақұрылымдық жобаларға тартылған капитал көлемі 4,2%-ға өсіп, 98 млрд АҚШ долларын құрады.

Өңірлік бөліністе, 2019 жылы барлық тартылған капиталдың 48,3%-ы Солтүстік Америкаға, 42,1%-ы Еуропаға, 2,1%-ы Азияға және 7,6%-ы қалған өңірлерге тиесілі болды.¹⁰

26 диаграмма: Өңірлер бөлінісіндегі МЖӘ жобаларына инвестициялар (2019 ж.)



Дереккөзі: «2020 Preqin Global Private Equity & Venture Capital» есебі

2020 жылы инвестициялық міндеттемелер 252 жоба бойынша 45,7 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2019 жылғы деңгеймен салыстырғанда 52 пайызға төмендеді. Жеке инвестициялар бойынша міндеттемелер инвестиция көлемі 31,3 млрд АҚШ долларын құраған 2004 жылдан бастап осы деңгейге дейін төмендеген жоқ. Алайда, жалғасып жатқан

¹⁰ «2020 Preqin Global Private Equity & Venture Capital» есебі

пандемияға қарамастан, екінші жартыжылдықтағы инвестициялар бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда 15 пайызға артты.¹¹

Пандемияның салдары Қазақстанда МЖӘ жобаларын іске асыруға да әсерін тигізді: 2020 жылы жасалатын шарттардың өсуі 2 еседен астамға төмендеді, көптеген жобалар тоқтатылды: 2019 жылы МЖӘ механизмі бойынша 294, ал 2020 жылы – 119 шарт жасалды. МЖӘ схемалары бойынша іске асырылатын жобалар дағдарыс кезінде әсіресе осал болып табылады, бұл МЖӘ институтының күрделі сипатына, жоғары тәуекелдерге байланысты.

Бүгінгі таңда ҚР-дағы жобалардың жалпы санының 55%-ға жуығы білім беру саласында. Білім беру саласындағы МЖӘ жобаларының жартысынан астамы - мектепке дейінгі ұйымдар. Сонымен, бүгінгі таңда 70 млрд теңге сомасына 240 МЖӘ Шарты жасалды. Осы жобалардың аясында жаңа құрылыс, ғимараттарды мектепке дейінгі мекемелерге қайта құру жүзеге асырылды, оларды қалпына келтіру, жаңғырту және пайдалану жөніндегі жұмыстар жүргізілді. МЖӘ сенімгерлік басқаруға беру, жалға беру және т. б. форматта жүзеге асырылды.

Екінші және үшінші орында – тиісінше, денсаулық сақтау және энергетика және ТКШ салалары. Бұл ретте, көлік және инфрақұрылым саласында неғұрлым ірі жобалар іске асырылды.¹²

Соңғы 5 жылда Қазақстандағы инфрақұрылым нарығындағы инвестициялар көлік және логистика саласында шоғырланды. Негізгі демеушілер ретінде мемлекет пен ХҚҰ-ның белсенді қатысуы және жекелеген сегменттерге (жол құрылысы, жаңартылатын энергия көздері және денсаулық сақтау) жеке инвесторлардың біршама қатысуы байқалады.

МЖӘ механизмі тарихи жобаларды қаржыландыру көлемі мен саны шектеулі Қазақстан үшін жаңа болып табылады. Муниципалитеттерде коммерциялық-бағытталған инфрақұрылымдық жобаларда жеткілікті құзыреттердің болмауы МЖӘ механизмін дамыту проблемаларының бірі болып табылады.

1.2 Ішкі ортаны талдау

1.2.1 Инвестициялық қызмет

2021 жылдың соңында QIC портфелі 15 ТИК-тан құралды.

2-кесте: QIC инвестициялық портфелі (млн, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

Қор	Қордың атауы	Қордың валютасы	Қордың жалпы міндеттемесі	QIC міндеттемесі	Әділ құны (2020 жылдың соңына)
FGF	Falah Growth Fund L.P.	USD	500	50	0,8
ENIF	Eurasian Nurly (Bright) Investment Fund	USD	242,4	30	0
MRIF	Macquarie Russia and CIS Infrastructure Fund L.P.	USD	630	30	1,4
WCP	Wolfensohn Capital Partners L.P.	USD	250	24,9	3,39
IIF	Islamic Infrastructure Fund L.P.	USD	226,5	3	0,093
CKIF	CITIC-Kazyna Investment Fund I L.P.	USD	200,4	100	30,33
KIF	Kazakhstan Infrastructure Fund C.V.	USD	105	100	56,51
KCRF	Kazakhstan Capital Restructuring Fund C.V.	USD	100	49,5	8,56
KGF	Kazakhstan Growth Fund L.P.	USD	80,8	40	17,61
RKFN	Russian-Kazakhstan Nanotechnology Fund	USD	51	25	3,95
ACAF	Aureos Central Asia Fund LLC (жою)	USD	37	5,3	0

¹¹ Дүниежүзілік Банктің 2020 жылғы есебі


¹² «Kazakhstan Project Preparation Fund» АҚ деректері

	процесінде)				
BVF	«Baiterek Venture Fund» АҚ	KZT	38,880	38,880	71,118
DBKEF	DBK Equity Fund C.V.	KZT	33,515	1,002	592
KCM SDF	KCM Sustainable Development Fund I C.V.	KZT	25,000	24,998	15,490
ABF	«Almex Baiterek Fund» ЖШС	KZT	468	33	11

Дереккөзі: QIC басқарушылық есептілігі

2 769 млн АҚШ долл.	2020 жылғы 31 желтоқсанға QIC қатысуымен қорларды жалпы капиталдандыру
611 млн АҚШ долл.	2020 жылғы 31 желтоқсанға портфельдік қорларға QIC жиынтық инвестицияларының көлемі
16,2 млрд теңге	2020 жылы ТИҚ-тағы QIC инвестицияларының көлемі
1,67 АҚШ долл.	Инвестициялар Қазақстанға салынған QIC 1 АҚШ долларына тартылды
9	2020 жылы қаржыландырылған жобалар
100%	Қазақстандағы инвестициялар шикізаттық емес секторға бағытталған

27 диаграмма: QIC-нің ТИҚ-қа салған инвестициялары, млрд теңге




Дереккөзі: QIC басқарушылық есептілігі

2020 жылы QIC-нің ТИҚ-қа салған жалпы инвестициясы 16,2 млрд теңгені құрады. Оның ішінде инвестицияланған 9 жобаның жалпы сомасы 15,4 млрд теңгені құрады. Инвестициялар негізінен баламалы энергетика саласына және Қазақстан Республикасында тамақ өнімдерін өндіруге бағытталды. 2020 жылы қаржыландырылған жобалардың аясында құрылған және қолдау көрсетілген жұмыс орындарының жалпы саны жыл соңындағы жағдай бойынша шамамен 1326 орынды құрады.


2020 жылдың соңындағы жағдай бойынша QIC инвестицияларының нарықтық құны 139,5 млрд теңгені, ал міндеттемелердің жалпы сомасы 257,2 млрд теңгені құрайды (оның 54% АҚШ долларымен деноминацияланған). QIC ағымдағы портфелі 15 қорға салынған инвестициялардан тұрады, оның 3-еуі жеке басқаруында (BVF, DBKEF және KCM SDF), қалған 12-сі сырттан басқарушы компаниялардың басқаруында.

28 диаграмма: Елдер бойынша QIC инвестициялық портфелі



Дереккөзі: QIC талдауы

29 диаграмма: Салалар бойынша QIC инвестициялық портфелі




Дереккөзі: QIC талдауы

Инвестициялық портфельдің географиялық фокусы негізінен Қазақстан экономикасын қолдауға бағытталған, оның инвестициялары барлық инвестициялық портфельдің 90%-ын құрайды. Инвестициялардың қалған 10%-ы негізінен Қытайға (7%) және Ресейге (2%) жүзеге асырылды. QIC портфелінің шетелдік активтері, әдетте, үшінші тарап компанияларының басқаруы бойынша қорлармен қаржыландырылады.

QIC инвестициялық мандаты ТИ тарту және шикізаттық емес секторды дамытуда инвестициялық басымдықпен Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына көмектесу болып табылады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша он бес қордың он үшінде Қазақстан Республикасы Ұлттық жобаларының барлық басым секторларын қамти отырып, 204 млрд теңге (жалпы міндеттемелердің 82%-ы) көлеміндегі лимитпен Қазақстан Республикасының аумағындағы жобаларға инвестициялау бойынша толық немесе ішінара мандат бар.

30 диаграмма: Қорлардың жұмыс істеу мерзімінің хронологиясы (2019 жылдың соңындағы жағдай бойынша)



Дереккөзі: QIC басқарушылық есептілігі

2020 жылдың соңында QIC жалпы міндеттемелерінің 45% құрайтын 6 қор инвестициялық кезенді аяқтады, 4 қор белсенді инвестициялық қызмет сатысында болды (BVF, KCM SDF, DBKEF және KIF), 4 қордың жұмыс істеу мерзімі аяқталды (ACAF, KCRF, WCP, MRIF). TI циклындағы ең қауіпті кезеңдердің бірі - қорлардың жабылуы мен ашылуы арасындағы уақыт аралығы болып табылады. Бұл тәуекел тек ықтимал жоғалған пайдаға ғана емес, сонымен қатар болашақ ақша ағындарының үзілуіне де байланысты. Осыған байланысты, инвестициялық портфель тәуекелдерді азайту үшін қорларды жабу және ашу хронологиясы тұрғысынан оңтайландырылуы керек. Жалпы, портфель бойынша активтерді жою сатысына ауыстыру тренді байқалады, бұл қысқа мерзімді болашақта жаңа қорларды ашу үшін әлеует жасайды.

1.2.2 QIC 2017-2020 жылдардағы қаржы-экономикалық қызметі

2017 - 2020 жылдар аралығындағы QIC қызметінің қаржылық жай-күйі мен тиімділігін талдау QIC аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде жүргізілді.

31 диаграмма: QIC қызметінің қаржылық көрсеткіштерін талдау



Активтер көлемінің ұлғаюы ең алдымен негізгі қызметтен және қазынашылық портфелінен ақша қаражатының түсуіне байланысты. 2017-2020 жылдары активтердің өзгеруі 34%-ды құрады, ал 2019-2020 жылдары өсім 2%-ды құрады.

2020 жылдың соңына капиталдың шамасы таза кіріс алу және қазынашылық портфелінің әділ құнын қайта бағалау есебінен 141 330 млн теңгені құрады. Аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес, 2020 жылы 2 505 млн теңге сомасында оң қаржылық нәтиже (таза пайда) алынды, бұл ретте, пайыздарды, салықтарды және амортизацияны төлегенге дейінгі пайда (ЕБИТДА көрсеткіші) 4 281 млн теңгені құрады.

32 диаграмма: QIC кірістері мен шығыстарының жиынтығы

Доходы/расходы, млн.тенге



Дереккөзі: QIC басқарушылық есептілігі

2020 жылы дивидендтер, Islamic Infrastructure Fund, Kazakhstan Capital Restructuring Fund, Wolfensohn Capital Partners және Baiterek Venture Fund қорларының жобалары бойынша инвестициялардың өсімінен, қазынашылық портфелінен, сондай-ақ жеңілдікті қаржыландыру бағдарламасын іске асыру аясында берілген қарыздардан табыстар алынды.

2020 жылмен салыстырғанда 2019 жылы жалпы шығыстардың өзгеруі ТИҚ-қа инвестициялардың әділ құнын қайта бағалаумен, пайыздық-валюталық айырбаспен және бағалы қағаздарды өткізумен байланысты.

2017-2020 жылдары еңбек өнімділігінің көрсеткіші 139 019 мың теңге/адамнан 271 513 мың теңге/адамға дейін құбылып отырды. 2020 жылы еңбек өнімділігі көрсеткішінің өзгеруі негізгі қызметтен түсетін жалпы кірістің және қызметкерлердің орташа санының - 43 адамның ұлғаюымен байланысты.

3-кесте: 2017-2020 жылдардағы еңбек өнімділігін талдау, мың теңге 1 адамға

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020
Еңбек өнімділігі (негізгі қызметтен түсетін табыс/қызметкерлердің орташа тізімдік саны), мың теңге/адам	160 007	271 513	139 019	158 490

Дереккөзі: QIC басқарушылық есептілігі

1.2.3 2017-2020 жылдардағы қызметтің негізгі көрсеткіштерін орындау

Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Даму стратегиясын өзектендіру аясында кәсіпкерлікті қолдауға, Қазақстанда ТИ инфрақұрылымын дамытуға және QIC қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған 7 негізгі ҚТК анықталды.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі шешімімен (№11/20 хаттама) бекітілген өзектендірілген Даму стратегиясына сәйкес 8 негізгі ҚТК анықталды.

"Qazaqstan Investment Corporation" акционерлік қоғамының Даму жоспарының орындалуы туралы есептерге сәйкес 2017-2019 жылдар кезеңіндегі стратегиялық ҚТК басым бөлігі нысаналы мәндермен салыстырғанда орындалды. 2020 жылы Қоғамның барлық стратегиялық ҚТК орындалды:

4-кесте: 2017-2019 жылдары ҚТК орындалуы

№	ҚТК	Жоспарлы мәндері	Нақты мәндері
1	Стратегиялық портфельдің жалпы көлемі, мың теңге	2017 - 149 937 111 2018 - 149 103 590 2019 - 166 898 674	2017 - 163 525 941 2018 - 182 361 267 2019 - 236 143 300
2	QIC жалпы активтерінен инвестициялық портфельдің үлесі (қазынашылық операцияларды қоспағанда), %	2017 - 44,15% 2018 - 60,76% 2019 - 66,04%	2017 - 45,63% 2018 - 57,15% 2019 - 70,16%
3	Еңбек өнімділігін ұлғайтуды және өткізу нарықтарын кеңейтуді ескере отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және кеңейту жөніндегі жаңа жобалар мен жобалардың саны, бірлік (қум.)	2017 - 1 2018 - 1 2019 - 3	2017 - 1 2018 - 3 2019 - 6
4	Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім көлемі, млрд (қум.)	2017 - н/п 2018 - 5 2019 - 15	2017 - н/п 2018 - 11,6 2019 - 17,5
5	Шетелдік инвестицияларды тарту, қатысты	2017 - 2-ден кем емес 2018 - 2-ден кем емес 2019 - 2-ден кем емес	2017 - 2,2 2018 - 2,83 2019 - 3,12
6	ROA, активтердің тиімділігі, %	2017 - 0,50% 2018 - 1,91% 2019 - 1,01%	2017 - 2,14% 2018 - 2,20% 2019 - 1,94%
7	Еңбек өнімділігі (негізгі қызметтен түсетін табыс/қызметкерлердің орташа тізімдік саны), мың теңге/адам	2017 - 119 349 2018 - 179 684 2019 - 104 058	2017 - 160 007 2018 - 271 513 2019 - 139 019

4.1-кесте Өзектендірілген Даму стратегиясына сәйкес 2020 жылға ҚТК орындау

№ р/с	ГПБС атауы, өлшем бірлігі	2020 жыл	
		жоспар	нақты
1-стратегиялық бағыт: Қазақстанда ТИ мен ұлттық экономиканы ілгерілету және дамыту			
1	QIC қаражатының бірлігіне ҚР-да тартылған инвестициялардың коэффициенті, (%)	1,5-тен кем емес	1,67
2	QIC жалпы активтерінен инвестициялық портфельдің үлесі (қазынашылық операцияларды қоспағанда), %	69,73	71,63
3	Портфельді әрараптандырудың немесе кіріс арудың ықтимал мүмкіндігімен ТИ нарығында жаңа бастамаларды іске асыру	1	1
2-стратегиялық бағыт: QIC инвестициялық портфельін ұлғайту			
4	Жылына жаңа инвестициялар көлемі (кэптивті қорларды қоса алғанда), млн теңге	14 528	16 183
3-стратегиялық бағыт: Ұйымның өнімділігін арттыру			
5	ROA, активтердің тиімділігі, (%)	1	1,30
6	ROE, жеке капиталдың тиімділігі, (%)	-17,09	1,78
7	Леверидж коэффициенті, арақатынасы (2022 жылдан бастап)	-	-
4-стратегиялық бағыт: Кіріс көздерін әрараптандыру			
8	QIC жалпы табысынан басқарғаны үшін табыстардың үлесі, (%) (2022 жылдан бастап)	-	-

Дереккөзі: QIC басқарушылық есептілігі

1.3 ESG (environmental, social and governance) экологиялық, әлеуметтік және басқару стандарттарын дамыту

ТИ саласындағы шешім қабылдау процесінің маңызды бөлігі болып табылатын инвестиция салу кезіндегі экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын ескере отырып, ESG (environmental, social and governance) жауапты инвестициялау қозғалысы.

Тұрақты даму [саясатына](#) сәйкес, QIC тұрақты даму қағидаттарын келесі үдерістерге біріктіреді:

- шешімдерді қабылдау процесі;
- даму стратегиясын әзірлеу және жоспарлау;
- корпоративтік басқару;
- операциялық қызмет;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- жобалық компанияларды қаржылық қолдау.

QIC жобалық ұсыныстарды іздеуден бастап қаржыландырылған жобалардың экологиялық және әлеуметтік әсерін мониторингтеуге дейінгі инвестициялық процестің барлық кезеңдеріне ESG-факторларды енгізуге ұмтылады. ESG-интеграция әдісі QIC үшін материалдық-маңызды болып табылатын экологияға, әлеуметтік салаға және басқаруға байланысты факторларды талдаудың нәтижесінде анықталған тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалауды болжайды.

Мүдделі тараптар үшін ашылатын ақпараттың ашықтығы мен сапасын арттыру мақсатында, QIC ішкі нормативтік құжаттарға және GRI (Global Reporting Initiative) есептілігі бойынша жаһандық бастаманың орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулығына сәйкес орнықты даму жөніндегі жылдық есептер мен есептерді жариялайды.

1.4 QIC қызметін ұқсас компаниялармен салыстырмалы түрде талдау

QIC үшін олардың сәйкестігінің негізінде жеті ұқсас компания іріктелді: SIFEM (Дамушы нарықтарға арналған швейцариялық инвестициялар қоры), Norfund (Норвегиялық инвестициялық қоры), BNDES (Бразилиялық Даму Банкі), DEG (Неміс Инвестициялар және даму қоғамы), FMO (Голландтық Даму Қоры), "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ (бұдан әрі - ҚДБ) және IDBI (Үндістанның индустриялық даму банкі). Осы ұйымдардың көпшілігі экономикалық даму мандатын ескере отырып, әртүрлі құралдарды қолданады және сонымен қатар тиімді және тәуелсіз болуға тырысады.

5-кесте: Ұқсас компаниялар қызметінің сипаттамасы










	Ел	Географиялық фокус	Активтердің көлемі (млрд АҚШ долл.)	QIC үшін сәйкестігі
SIFEM	Швейцария	ТМД-ны қоса алғанда, дамушы нарықтар	0,6	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекет меншігінде Экономикалық даму мен қаржылық кірістіліктің ұқсас мандаты ТИҚ-ға ұқсас тәсіл
Norfund	Норвегия	Аз дамыған елдерге басымдығы бар дамушы нарықтар	2,5	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекет меншігінде Экономикалық даму мен қаржылық кірістіліктің ұқсас мандаты ТИҚ-ға ұқсас тәсіл
BNDES	Бразилия	Бразилия	145	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекет меншігінде Экономикалық даму мен қаржылық кірістіліктің ұқсас мандаты Субсидияланатын несиелендіруге және инфрақұрылымға да осындай көңіл бөлінеді
DEG	Германия	ТМД-ны қоса алғанда, дамушы нарықтар	6,4	<ul style="list-style-type: none"> Миноритарлық қатысу үлесімен ұзақ мерзімді инвестициялар
FMO	Нидерланды	Дамушы нарықтар	10,2	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекет меншігінде Экономикалық даму мен қаржылық кірістіліктің ұқсас мандаты Миноритарлық инвестициялар саласындағы ұзақ мерзімді саясат
ҚДБ	Қазақстан	Қазақстан	5,9	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекет меншігінде Экономикалық даму мен қаржылық кірістіліктің ұқсас мандаты Ұзақ мерзімді несиелер мен субсидиялау бағдарламаларына назар аудару
IDBI	Үндістан	Үндістан	42	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекет меншігінде Экономикалық даму мен қаржылық кірістіліктің ұқсас мандаты Субсидияланатын несиелендіруге және инфрақұрылымға да осындай көңіл бөлінеді

Дереккөзі: Жылдық есептер, аудиттелген қаржылық есептілігі, жария дереккөздері (2018-2019)

Әдетте, жоғарыда аталған ұйымдардың инвестициялық және географиялық мандаттарының кең спектрі бар. Осы ұйымдардың инвестициялық бағыты нарықтық

теңгерімсіздіктерді жою және өсу үшін қосымша мүмкіндіктерді іздеу мақсатында үнемі жетілдіріліп отырады.

6-кесте: Ұқсас компаниялар қызметінің сипаттамасы

Организация									
Поддержка МСБ	✓	✓							✓
Поддержка экспортоориентированных отраслей									✓
Поддержка предпринимательства	✓					✓			✓
Социально-экономическое развитие	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	
Финансовая устойчивость									✓
Глобальное видение	✓			✓		✓		✓	
Стремление к получению прибыли									
Приверженность к охране окружающей среды и социальной устойчивости	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Развитие слабых регионов			✓						
Совершенство организаций / хорошее управление						✓		✓	
Отличное место для работы							✓		✓

Дереккөзі: Жылдық есептер, аудиттелген қаржылық есептілігі, жария дереккөздері

Осы қаржылық даму институттарының жылдық есептеріне сәйкес, осы ұйымдардың көпшілігі қаржыландыруды акционерлік және қарыз капиталы түрінде ұсынады және олардың рөлі дамушы елдердегі тұрақты кәсіпорындар мен салаларды құруға көмектесу болып табылады.

Қаржылық даму институттары ТИ-дің бірнеше стратегияларына: капиталдың өсу қорларына, инфрақұрылымдық қорларға, қорлардың қорларына, жеке борыш қорларына және т. б. инвестиция салады. Мысалы:

- Swiss Development Finance Institution (бұдан әрі - SIFEM) - бұл швейцарияның қаржылық даму институты. SIFEM Швейцария үкіметіне тиесілі және экономикалық даму саласындағы ынтымақтастық құралдарының ажырамас бөлігі болып табылады. Жалпы, SIFEM - өз бизнесін ұйымдастыру және басқару тұрғысынан тәуелсіз мекеме болып табылады. SIFEM портфелі негізінен дамушы компаниялар мен ШОБ компанияларына (63%), инфрақұрылымға (3%) және ағымдағы кірістер/борыштық міндеттемелер қорларына (13%) инвестиция салатын ТИҚ-тан тұрады. Шағын несиелеуге (7%) және қаржы институттарына (14%) басқа инвестициялар.

- Норвегиялық инвестициялық қор (бұдан әрі - Norfund) - норвегиялық қаржылық даму институты. Norfund Норвегия үкіметінің иелігінде және Норвегия Үкіметімен қаржыландырылады және дамушы елдерде жеке секторды нығайту және кедейшілікті азайту үшін үкіметтің маңызды құралы болып табылады. Norfund портфелі қарыздардан (20,8%), ТШИ (16,6%) және инвестициялық платформаларға ТИ (62,6%) тұрады. ТИҚ-қа инфрақұрылым, венчурлік қорлар және борыштық міндеттемелердің қорлары кіреді.


- Неміс инвестициялар және даму қоғамы (бұдан әрі - DEG) - KfW еншілес ұйымы дамушы елдерде және нарықтық экономикасы қалыптасып келе жатқан елдерде жұмыс істейтін жеке компанияларға инвестициялайды. DEG компанияларға қарыздар немесе акционерлік капитал түрінде ұзақ мерзімді инвестициялық капиталды ұсынады, оны дамушы елдерде және дамушы нарықтық экономикасы бар елдерде алу қиын. DEG портфелі клиенттердің кластерлерімен ұсынылған және ТИҚ (24%) және үш клиенттік кластерден

(жобалық қаржыландыру (20%), корпорациялар (26%) және қаржы институттары (30%) тұрады. Әр кластерге жеке қарыз да, жеке капитал операциялары да кіреді.

- Голландтық Даму қоры (бұдан әрі - FMO) - Голландтық Даму Қоры МЖӘ болып табылады, онда акциялардың 51%-ы голландтық мемлекетке, ал 49%-ы коммерциялық банктерге, кәсіподақтарға және жеке сектордың басқа өкілдеріне тиесілі. FMO портфелі акционерлік және қарыз капиталына салынған инвестициялар арасында жақсы әртараптандырылған. Портфель қорлардан да, ТИ-дан да тұрады. FMO барлық негізгі стратегияларға (өсу капиталы, жеке қарыз, инфрақұрылым және венчурлік капитал) капиталды бөле отырып, дамушы нарықтардың ТИҚ-на инвестиция салады. Сондай-ақ, FMO тікелей және бірлескен инвестицияларға өте белсенді қатысып, капиталды орналастыруды тездету үшін осы стратегияларды қолданады.


ТИ-ға бағдарланған ұқсас компаниялар борыштық жүктеменің төмен деңгейіне ие және одан әрі өсуі негізінен мемлекеттік қаражатқа немесе ішкі ақша ағындарына байланысты болады. Борыштық міндеттемелер мен капиталдың аралас портфелі бар ұқсас компаниялар ақша ағындарының болжамдылығына байланысты капитал нарықтарын пайдалана алады.

33 диаграмма: Міндеттемелер қатынасы (теңгерімнен %-бен)



Дереккөзі: Жылдық есептер, аудиттелген қаржылық есептілік, жария дереккөздері (2018-2019 жж.)


34 диаграмма: Теңгерімнен %-бен активтердің қатынасы



Дереккөзі: Жылдық есептер, аудиттелген қаржылық есептілік, жария дереккөздері (2018-2019 жж.)

Тек ТИ-ға бағытталған ұқсас компаниялар кірістердің жоғары құбылмалылығына ие, бұл оларды тәуекелді азайту үшін өтімділіктің белгілі бір деңгейін ұстануға мәжбүр етеді, ал бұл өз кезегінде кірістіліктің төмен деңгейіне әкеледі. Табысты инвестициялауды аллокациялаудың оңтайлы шешімі портфельді ТИ-ге және қарыздық қаржыландыру құралдарына бөлу болып табылады, себебі бұл жағдайда кіріс өтімділіктің белгілі бір деңгейін сақтамай, операциялық шығыстарды қаржыландыру үшін қарыздық қаржыландыру нарықтарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

35 диаграмма: Пайданың жалпы кірісінің пайызбен алғандағы үлесі



Дереккөзі: Жылдық есептер, аудиттелген қаржылық есептілік, ашық дереккөздері (2018-2019 жж.)

Ұқсас компаниялардың қаржылық талдауы табысты емес активтердің, ROE/ROA, сондай-ақ операциялық шығыстардың айтарлықтай айырмашылықтарын анықтайды.

- Әкімшілік шығыстар мен қызметкерлерге арналған шығыстардың ұқсас компаниялар үшін активтердің орташа жалпы көлеміне қатысы бизнес-модельге байланысты, тіпті ҚТК сияқты тежеу шаралары болған кезде де қатты өзгеріп отырады (мысалы, SIFEM жағдайында бұл көрсеткіш 1,5%-дан аспауы тиіс). QIC орташа жиынтық активтермен салыстырғанда төмен шығыстарға ие, алайда портфель тиімділігінің салыстырмалы төмен көрсеткіштеріне байланысты шығыстарға қатынасы жоғары.

- Әдетте, ТИ-ды акционерлік капиталға және борыштық міндеттемелерге жүзеге асыратын инвесторлар жұмыс істемейтін қарыздардың (Norfund, DEG және FMO) үлкен деңгейіне ие. SIFEM толығымен қорлар мен қаржы ұйымдарына бағытталған, сондықтан пайдалы емес активтері жоқ.

7-кесте: Ұқсас компаниялардың қаржылық талдауы (2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша ұлттық валютада).

Организация	 SIFEM	 Norfund	 BNDES	 KfW	 DEG	 FMO	 Development Bank of Kazakhstan	 IDBI BANK	 KAZHYA CAPITAL MANAGEMENT
Валовой коэффициент неработающих займов	0.00%	10.2%	2.62%	10.54%	9.94%	3.83%	27.49%		
Чистый коэффициент неработающих займов	0%	6.4%	0.00%	8.8%	5.65%	0.30%	10.11%		
Чистая процентная маржа	3%	6.35%	1.71%	3.29%	3.53%	2.55%	5.93%		
Рентабельность капитала	0.00%	4.79%	6.25%	2.61%	3.85%	0.65%	0.00%	2.68%	
Рентабельность активов	0.00%	4.74%	0.80%	1.16%	1.35%	0.13%	0.00%	2.20%	
Соотношение расходов и доходов	0.41	0.13	0.21	0.41	0.38	0.13	0.56	0.56	
Стоимость финансирования	n/a	n/a	8.55%	2.20%	2.77%	6.71%	5.93%	n/a	
Соотношение кредитов и депозитов	n/a	n/a	58.4	н/д	н/д	2.7	0.7	n/a	
Административные расходы и расходы на персонал/средний общий объем активов (%)	1.58%	0.66%	0.17%	2.49%	1.30%	0.27%	1.61%	0.89%	
Задолженность (% от общей суммы обязательств)	0.00%	0.00%	81.90%	52.40%	61.70%	42.55%	14.14%	21%	
Портфель акций (% от активов)	97.5%	77%	0.00%	24.22%	20%	<1%	0%	57.4%	

Дереккөзі: Жылдық есептер, аудиттелген қаржылық есептілігі, ашық дереккөздері. 2019 жылғы FMO, IDBI деректері.

QIC суб-стратегиялары аясындағы ұқсас компаниялар

Стресті активтер нарығы

Oaktree Capital Management (бұдан әрі – OCM) - бұл активтерді басқаратын американдық компания. OCM бүгінгі таңда стресті активтер қорларының әлемдегі ең ірі басқарушысы және стресті активтер сегментіндегі инвестор болып табылады. Инвестициялық база мемлекеттік қорларды, сақтандыру компанияларын, корпоративтік зейнетақыны, тәуелсіз инвестициялық қорларды, отбасылық кеңселерді және аukatты жеке тұлғалардың қорларын, сондай-ақ нысаналы капитал қорларын (endowments / foundations) камтиды. 2021 жылғы қыркүйектің соңында OCM басқаруындағы активтер сомасы 158 млрд АҚШ долларын құрады. Қор дамыған нарықтардағы бағалы қағаздарға (компанияларда немесе жылжымайтын мүлікте) стресс жағдайындағы немесе ерекше жағдайдағы бағалы қағаздарға (special situations) бірінші кезекте талап ету құқығымен қарызға баса назар аудара отырып, капитал құрылымының әрбір деңгейінде инвестициялайды. 2021 жылғы 16 қарашада OCM Oaktree Opportunities Fund XI қорының жалпы сомасы 15,9 млрд АҚШ долларына табысты түрде түпкілікті жабылатынын жариялады. Oaktree Opportunities Fund XI өзінің бастапқы мақсатын 15 млрд АҚШ долларынан асырған OCM-ның тарихтағы ең ірі қоры болып табылады. Қор COVID-19-ға байланысты қаржылық қиын жағдайға тап болған компаниялардың корпоративтік қарызын инвестициялайды. OCM IRR (таза) көрсеткіші 2020 жылдың соңында 15.8% құрады.

Edelweiss – бұл Үндістандағы стрестік активтер нарығындағы көшбасшы. 2019 жылғы қаңтарда Edelweiss Financial Services Ltd міндеттемелердің жалпы сомасы 1,3 млрд АҚШ долларын құрайтын EISAF II (“Edelweiss India Special Asset Fund II”) стресті активтер қорын құрды. Edelweiss-пен іске қосылған екінші қор жеке компаниялардың қарыз міндеттемелеріне назар аудара отырып, Үндістандағы ең ірі стресті активтер қоры, сондай-ақ Азиядағы ең ірі

қорлардың бірі болып табылады. Жаһандық инвесторлар (ірі сақтандыру және зейнетақы қорлары), сондай-ақ Үндістаннан және шетелден ауқатты жеке тұлғалар мен отбасылық кеңселер қордың инвесторлары болып табылады. Қордың инвестициялық стратегиясы корпорациялардың стресті активтері мен жылжымайтын мүлікке бағытталған және Қордың негізгі мақсаты ақша ағындарын алу мақсатында стресті активтерді сауықтыру болып табылады. IRR көрсеткішінің мақсатты деңгейі (таза) 16-19,7% деңгейінде орналасқан.

Венчурлік қаржыландыру нарығы

EQT Ventures - EQT AB бөлігі (Швед ТИК) 2016 жылы құрылған, міндеттемелердің жалпы сомасы 566 млн еуро. Инвестициялар ауқымы өзінің қызметін жаңадан бастаған және кеңейтетін компаниялардың миноритарлық үлестерін сатып алуға бағытталған 2-ден 50 млн еуроға дейін құрайды. EQT Ventures тез дамып келе жатқан, инновациялық және технологиялық компанияларға барлық салаларда инвестиция салады. 2019 жылғы қарашада екінші EQT Ventures II қоры құрылды, ол бойынша міндеттемелердің жалпы көлемі 660 млн еуроны құрайды. EQT Ventures II, бірінші қор сияқты барлық салалардағы жылдам дамып келе жатқан, инновациялық және технологиялық компанияларға бағытталған.

Quest Ventures – бұл ерте сатыдағы венчурлік инвестицияларға мамандандырылған Азиялық инвестициялық басқарушы компания. Компанияның бірінші қоры негізінен Сингапур мен Вьетнамға арналған инвестицияларға, ал екінші қоры Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азия елдеріне бағытталған инвестицияларға бағытталған. Жақында Quest Ventures компаниясы алғашқы жабылуымен 50 миллион АҚШ долларын құрайтын "Asia Fund II" іске қосты. Аталған қор қаржыландыруды Pavilion Capital (Сингапурлық ТИК) және "QazTech Ventures" АҚ-дан алды. Қор Оңтүстік-Шығыс және дамушы Азиядағы ерте кезеңдегі венчурлік инвестицияларға бағытталған (Индонезия, Мьянма және Филиппин сияқты қосымша нарықтарға шығуды жоспарлап отыр). 2021 жылғы қарашада Қор Қазақстандық STOgram стартап жобасына 500 мың АҚШ долларын инвестициялады. 2011 жылдан бастап Quest Ventures-тің IRR (жалпы) 40%-дан асады.

МЖӘ инфрақұрылымдық активтер нарығы

ХҚҰ инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға белсенді қатысады. Төменде инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция салатын таңдаулы ХҚҰ тізімі берілген.

Еуропа қайта құру және даму банкі (бұдан әрі – ЕҚҚДБ) – халықаралық қаржы ұйымы 1991 жылы 40 елде және екі халықаралық ұйымда 34 елдегі нарықтық экономиканы қолдау үшін құрылған. ЕҚҚДБ Орталық Еуропадан Орталық Азияға дейінгі 30-дан астам елде экономиканы дамытуды қолдау қызметін кеңейтті. Қазақстанда ЕҚҚДБ инфрақұрылымға, жасыл энергетикаға баса назар аудара отырып, жалпы сомасы 8,9 млрд еуроға 290-нан астам инвестициялық жобаны қаржыландырды. ЕҚҚДБ басқа әріптестермен бірлесіп қаржыландыру арқылы жобаларға инвестиция салады. Орта есеппен ЕҚҚДБ бір жобаға 35 млн еуро көлемінде қарыз қаржыландыруды ұсынады.

Халықаралық қаржы корпорациясы (бұдан әрі – ХҚК) даму мәселелерімен айналысатын және экономикасы дамушы елдердің жеке секторына ғана бағытталған Дүниежүзілік Банктің компаниялар тобының мүшесі болып табылады. ХҚК негізгі салалық бағыты қаржы секторы, денсаулық сақтау және инфрақұрылымдық жобалар болып табылады. Қазақстанда қызмет еткен жылдары ХҚК жалпы сомасы 1,4 млрд еуроға 55-тен астам жобаны қаржыландырды. ХҚК үлестік, борыштық қаржыландыру және бірлескен кәсіпорындарды құра отырып инвестициялайды. Орта есеппен ХҚК жобаларға 70 млн АҚШ долларына дейін инвестиция салады.

Еуразиялық даму банкі (бұдан әрі – ЕАДБ) алты елде (Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Ресей Федерациясы) экономикалық өсуге және өзара сауданы кеңейтуге көмектесетін халықаралық қаржы ұйымы болып табылады. ЕАДБ өз қызметін ірі

клиенттермен ынтымақтастықты құра отырып, күшті интеграциялық әсері бар жобаларды және ұлттық даму жобаларын қаржыландыруға шоғырландырады. ЕАДБ-ның негізгі салалық бағыты индустриялық сектор (машина жасау, авиация секторы) және МЖӘ болып табылады. 2020 жылы банк Қазақстанда 300 миллион доллардан астам сомаға 7 жоба қаржыландырды. Қазақстанда қызмет еткен жылдары ЕАДБ 21 жобаны қаржыландырды. Бір жобаға салынған инвестициялардың орташа сомасы 30 млн АҚШ долларынан асады.

1.5 "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мемлекеттік экономикалық саясаты мен стратегиясының негізгі бағыттары

QIC Даму стратегиясының негізіне экономиканың шикізаттық емес салаларына инвестиция тарту, ШОБ дамыту, агроөнеркәсіптік кешенін дамыту сияқты индустриялық-инновациялық даму саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған міндеттер қойылған.

"Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына [Жолдауында](#), сондай-ақ Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі [тұжырымдамада](#) мемлекет дамуының негізгі бағыттарын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев іске асырылуы Қазақстанның әлемдегі ең дамыған елдердің қатарына кіруіне ықпалын тигізетін бес стратегиялық бағытты белгіледі.

- 1) адами капиталды дамыту - инновациялардың басты қозғаушысы;
- 2) бизнес пен кәсіпкерлік бастамаларды дамыту үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін институционалдық ортаны жетілдіру;
- 3) ұзақ мерзімді болашақта ғылымды қажетсінетін экономикаға көшу үшін қажетті салалық базаны қалыптастыруға негізделген кезең-кезеңімен тәсілді қабылдай отырып, ғылымды қажетсінетін экономика салаларын дамыту;
- 4) ұлттық инновациялық жүйені құру, инфрақұрылымды жаңғырту және энергия тиімділігін арттыру арқылы ғылымды қажетсінетін экономика құруды қолдайтын инфрақұрылымды жедел қалыптастыру;
- 5) халықаралық қатынастар жүйесіне интеграцияны тереңдету.

Даму стратегиясы аясында QIC инфрақұрылым (МЖӘ), стрестік активтер және венчурлік қаржыландыру нарықтарына белсенді қатыса отырып, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада баяндалған барлық стратегиялық бағыттарды іске асыруға қатысады. Даму стратегиясы ТИ жергілікті нарығында адами әлеуетті дамытуды, заңнамалық бастамалар және ТИ инфрақұрылымының компоненттерін дамыту арқылы институционалдық ортаны жақсартуды, инновациялық бағыттар мен инфрақұрылымдық жобаларды қолдау жөніндегі жобаларға инвестицияларды, ТИ халықаралық қауымдастықтарына қатыса отырып, ТИ жаһандық инфрақұрылымына бірігуді көздейді.

QIC қызметі Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму [стратегиясында](#) қойылған Қазақстанды өңірлік хабқа және озық әлемдік тәжірибелерге сәйкес ТИ қазақстандық инфрақұрылымын жетілдіру жолымен технологияларды дамыту тәжірибесімен алмасу үшін жоғары инвестициялық тартымдылығы бар елге айналдыру міндеттерін іске асыруға ықпал етеді. "[Қазақстан-2050](#)" даму стратегиясын іске асыру аясында QIC энергетикалық және әлеуметтік қауіпсіздікті арттыру бөлігінде оның негізгі мақсаттарының біріне қол жеткізуге, сондай-ақ тиісті нарықтардың қатысушыларына қаржыландыруды ұсына отырып, технологиялық инновацияларды дамытуға белсенді үлес қосады.

"[100 нақты қадам - Ұлт жоспары](#)" және "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2014-2023 жылдарға арналған Даму [стратегиясына](#) (бұдан әрі - Холдингінің Даму стратегиясы) сәйкес, QIC экономиканың шикізаттық емес салаларында орта бизнесті қолдауға бағытталған "Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары - ұлттық чемпиондар" бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлт жоспарының 62-қадамын орындауға қатысады.

Даму стратегиясы аясында QIC қатысатын қорлар Қазақстан Республикасында да, өңірлік және халықаралық нарықтарда да бәсекеге қабілеттілік бойынша көшбасшы бола алатын өсу болашағы бар табысты отандық бизнес-компанияларға инвестициялайды.

Оның негізгі мақсаты экономиканы әртараптандыру болып табылатын "Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсу" ұлттық жобасына сәйкес, Холдинг өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын технологиялық жаңғырту, сондай-ақ өндіріс көлемін ұлғайту және өңдеуші өнеркәсіп тауарларының номенклатурасын кеңейту сияқты міндеттерді іске асыру жөніндегі негізгі операторлардың бірі болып табылады.

"Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс" ұлттық жобасына сәйкес QIC ерте (тұқымнан кейінгі) және өсу сатыларындағы инвестицияларға назар аудара отырып, венчурлік қорларды құру және венчурлік қаржыландыру сегментін дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыруға қатысуды жалғастырады.

Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына көмек көрсету бойынша Холдингтің миссиясы аясында QIC Холдингтің Даму стратегиясында қойылған негізгі міндеттерді жүзеге асыруға қатысады, оның ішінде:

- 1) экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту;
- 2) кәсіпкерлікті (экономиканың жеке секторын) дамыту;
- 3) шикізаттық емес өнімнің экспортын қолдау;
- 4) өнімділігін арттыру;
- 5) АӨК-дегі қаржыландырудың қолжетімділігін, өндірісті техникалық жабдықтау мен қарқындату деңгейін арттыру;

Келесі стратегиялық бағыттардағы ТИ құралдары арқылы QIC белсенді қатысуы Холдингтің Даму стратегиясы аясында қарастырылған:

1. Кәсіпкерлікті қолдау;
2. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

QIC іске асырылып жатқан инвестициялық жобалар аясында экспорттық әлеуетті арттыру бойынша Холдинг қызметінің стратегиялық бағыттарын іске асыруға қолдау көрсетеді. QIC ТИ-ды Қазақстан Республикасының Ұлттық жобаларында белгіленген салалық басымдықтарға сәйкес жүзеге асырады.

Баламалы қаржыландыру көздерімен, оның ішінде тікелей инвестициялар қорларының құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында QIC шикізаттық емес сектордағы қазақстандық кәсіпорындарды үлестік қаржыландыру құралдарының көмегімен қолдауды жалғастырады.

QIC Қазақстан Республикасының басым индустрияларын ынталандыру арқылы экономиканы әртараптандыру және елдің экспорттық әлеуетін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды жалғастыруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ QIC Қазақстан нарығында даму әлеуеті бар активтердің баламалы кластарына, атап айтқанда, МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларына, стресті активтерге және өсіп келе жатқан технологиялық компанияларға (венчурлік қаржыландыру) инвестициялайтын болады.

Өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды және экспортқа бағытталған жобаларды дамыту мақсатында, сондай-ақ компаниялардың капиталына ТИ жүзеге асыру есебінен кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету үшін, QIC BVF және BVM еншілес ұйымдарымен бірлесіп, соның аясында бизнеске жеңілдетілген талаптармен капиталға тікелей инвестиция салу мүмкіндігін беретін жеңілдікті үлестік қаржыландыру бағдарламасын іске қосты.

Бағдарламаны тиімді іске асыру мақсатында, QIC Бағдарлама операторы болып табылатын SDF I KCM қорын құрды. Осы қордың аясында қаржыландыру агроөнеркәсіптік кешен, өңдеу өнеркәсібі, денсаулық сақтау, энергетика, ақпарат және байланыс салаларында ел экономикасының тұрақты дамуын ынталандыруға бағытталған жобаларға беріледі.

1.6 SWOT-талдау

SWOT-талдау стратегиялық жоспарлау құралы болып табылады және компанияның бәсекеге қабілеттілігін бағалау және оның әрі қарай даму стратегиясын жасау үшін қолданылады. Бұл талдау QIC қызметінің ағымдағы жай-күйіне әсерін тигізетін ішкі және сыртқы факторларды бағалайды, сондай-ақ QIC институционалдық даму жолында тұрған тәуекелдер мен мүмкіндіктерді түйіндейді.

8-кесте: SWOT-талдау

Strengths	Weaknesses
<p>1. Холдингтің атынан жалғыз акционер тарапынан және Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан қолдау.</p> <p>2. ТИ нарығының халықаралық ойыншыларымен ынтымақтастық және осы серіктестердің тәжірибесі мен сараптамасына қол жеткізу.</p> <p>3. ТИ саласындағы Бірегей инвестициялық мандат.</p> <p>4. Қазақстан нарығындағы қорлардың қоры ретіндегі инвестициялық қызметтің 14 жылдан астам тәжірибесі.</p> <p>5. Алдағы бірнеше жылға әлеуетті жобалардың айтарлықтай санының болуы.</p>	<p>1. Елдегі макроэкономикалық көрсеткіштерге инвестициялық қызмет нәтижелерінің тәуелділігі.</p> <p>2. Инвестициялардың жалпы портфелінің төмен тиімділігі.</p> <p>3. QIC кәптивті ТИҚ белсенді инвестициялық стратегияны ұстанбайды.</p> <p>4. Өңірдегі мүмкіндіктерді барынша кең қамтымай, Қазақстандағы жобаларға инвестициялық фокусты шектеу.</p> <p>5. Лимиттелген қаржы ресурстары.</p> <p>6. Кәптивті қорлар (BVF, DBKEF, SDF KCM) деңгейінде жобаларды таңдауға стратегиялық тәсілдің жоқтығы.</p>
Opportunities	Threats
<p>1. ТИ сияқты қаржыландырудың балама көздеріне қазақстандық кәсіпорындардың қажеттілігі.</p> <p>2. Инвесторларды валюталық тәуекелдерден қорғай алатын және халықаралық ойыншылар тарапынан инвестициялық белсенділікті арттыруға ықпалын тигізетін экспортқа бағытталған жобаларды дамытуға қатысу.</p> <p>3. Институционалдық инвесторлардың инвестициялары (зейнетақы қоры және сақтандыру компаниялары) нарықтың белсенділігін және оның өтімділігін арттыруға көмектеседі.</p> <p>4. Экономиканың осы бағытын дамытуға ықпалын тигізетін ірі мемлекеттік бағдарламаларды енгізу және халықаралық келісімдер жасасу есебінен экономиканың шикізаттық емес секторына салынатын инвестициялар көлемін ұлғайту.</p> <p>5. Қазақстан нарығында даму әлеуеті бар активтердің баламалы кластарына, атап айтқанда, МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларына, стресті активтерге және өсіп келе жатқан технологиялық компанияларға (венчурлік қаржыландыру) инвестициялау мүмкіндігі.</p> <p>6. Тәжірибелі GP-мен ынтымақтастықты кеңейту: бірлесіп қаржыландыру және бірлескен коммерциялық қорларды құру.</p> <p>7. Құрылған сауда алаңын - KASE Private Market дамыту есебінен қор биржасының белсенділігін арттыру.</p>	<p>1. Мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі, коронавирустық пандемия сияқты сыртқы факторларға байланысты елдегі макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы.</p> <p>2. Ұлттық валютаның одан әрі әлсіреуі және елдік тәуекелдердің артуы елдің шетелдік инвесторлар үшін тартымдылығына теріс әсерін тигізуі мүмкін.</p> <p>3. Баяу өсу қарқынымен сипатталатын жеткіліксіз дамыған ТИ нарығы.</p> <p>4. Инвестицияларға арналған сапалы жобалардың шектеулі саны.</p> <p>5. Қор биржасында өтімділіктің және белсенді ойыншылардың болмауына байланысты жобалардан шығудың шектеулі мүмкіндіктері.</p> <p>6. Қазақстандағы кәсіби GP шектеулі саны.</p> <p>7. Қазақстандағы ТИҚ қызметін дамыту бөлігіндегі қазақстандық заңнаманың кемшіліктері</p>

QIC ТИ саласындағы бірегей инвестициялық мандатты және ірі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға көмектесу және экспортқа бағытталған жобаларды дамытуға қатысу есебінен экономиканың шикізаттық емес секторына инвестициялар көлемін ұлғайту үшін инвестициялық қызметтің айтарлықтай тәжірибесін пайдалануды жалғастыратын болады, осылайша, өңірлік нарықта үлкен әлеуетке ие кәсіпорындарды дамытады.

Сондай-ақ, QIC Қазақстан нарығында даму әлеуеті бар активтердің баламалы кластарына (МЖӘ инфрақұрылымдық жобалары, стресті активтер және венчурлік қаржыландыру) инвестиция салатын ТИҚ-ға қатыса отырып, кірістілік деңгейін арттыру және капитал көздерін әртарапандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізетін болады.

Алайда, халықаралық және жергілікті нарықтардағы экономикалық және нарықтық конъюнктураның ағымдағы өзгерістері (мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі, ұлттық валютаның құбылмалылығы, коронавирус пандемиясы және басқалары) ҚІС қаржылық жағдайын қиындатады.

Бұл ретте, ҚІС-нің өңірлік және халықаралық әріптестермен көптеген ынтымақтастығы, инвестициялық қызметке жауапты инвестициялау стандарттарын (ESG) енгізу қаржыландыруды тарту кезеңінде де, жобалардан шығу кезеңінде де Қазақстанның ТИ әлемдік нарығындағы инвестициялық тартымдылығын арттыруға көмектеседі.

2. ҚІС миссиясы және пайымы

ҚІС миссиясы - тұрақты және тиімді басқарылатын компаниялар құра алатын, тұрақты табыс деңгейін алатын және экономиканың өсуі мен жаңғыртылуына көмектесетін мықты командаларға инвестициялау жолымен Қазақстанда тікелей инвестициялар экожүйесін дамытуда жетекші рөл атқару.

ҚІС пайымы – ұзақ мерзімді тәуекел капиталын икемді орналастыру және үздік әлемдік тәжірибелерді қолдана отырып, нарықта жетекші компанияларды дамыту мақсатында серпінді ТИ экожүйесін құру, сондай-ақ ұлттық экономиканың тұрақты дамуына белсенді қатысу.

Қазақстанда экономиканың тұрақты дамуына көмек көрсету бойынша өз миссиясын жүзеге асыру аясында ҚІС шешетін негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

1. Инвестицияланатын капитал, байланыстардың іскерлік желісі, ҚІС қызметкерлерінің тәжірибесі мен білімі арқылы ТИ әлеуетін активтер класы ретінде іске қосу.

2. Өңірдегі нарық көшбасшысы болуға әлеуеті зор кәсіпкерлік субъектілерін дамыту.

3. Халықаралық танылған экологиялық, әлеуметтік және басқару стандарттарына (ESG) негізделген тұрақты бизнесті дамытуға көмектесу.

4. АӨК-дегі қаржыландырудың қолжетімділігін, өндірісті техникалық жабдықтау мен қарқындату деңгейін арттыру.

5. МЖӨ инфрақұрылымдық жобаларының, стресті активтер мен венчурлік қаржыландырудың жергілікті нарығын дамыту.

6. Әр инвестиция бойынша кірістіліктің оң нормасын тәуекелсіз мөлшерлеме деңгейінен жоғары белгілеуге және инвестициялар портфелінің 1-ден жоғары құнының жылдық мультипликаторына қол жеткізуге бағыт алу.

Бұл міндеттер ҚІС-ның мынадай үш стратегиялық бағытын жүзеге асыру жолымен шешіледі:

1. Қазақстанда ТИ нарығын және ұлттық экономиканы ілгерілету және дамыту;

2. ҚІС инвестициялық портфелін ұлғайту;

3. Ұйымның өнімділігін арттыру.

Стратегиялық бағыттардың әрқайсысы бойынша осы Даму стратегиясының 4-бөлімінде 2023 жылға арналған нысаналы мәнін айқындай отырып, БКМ қызметінің ПӘК-і көзделген.

Іс-шаралары бар егжей-тегжейлі кіші тапсырмалар жұмыс құжаты болып табылатын ҚІС әзірлеген Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде көзделетін болады.

3. ҚІС мақсаттары мен міндеттері, дамудың стратегиялық бағыттары

ҚІС-ның өзектендірілген даму стратегиясы басқарудың үш негізгі қағидатын жетілдіреді: бизнес-модель, инвестициялық фокус және портфельді басқару. Осы басқару қағидаттарын ұстану және дамыту ҚІС -ды неғұрлым тәуелсіз және коммерциялық бағдарланған қаржылық даму институты болуға, сондай-ақ өзінің нысаналы портфелінің қосымша құнын құруға

көмектеседі. Басқару қағидаттарының әрқайсысын дамыту үш стратегиялық бағыт арқылы жүзеге асырылады.

3.1 1-стратегиялық бағыт: Қазақстанда ТИ нарығын және ұлттық экономиканы ілгерілету және дамыту

Мақсаты: Өңірлік және халықаралық әріптестермен ынтымақтастық және инвестициялық қызметке ESG стандарттарын енгізу арқылы Қазақстанның жоғары инвестициялық тартымдылығы

Қазақстандағы қаржы нарықтарының даму деңгейінің төмендігі қаржыландыруды тарту кезеңінде де, жобалардан шығу кезеңінде де халықаралық жеке және институционалдық инвесторларды тартуға кедергі келтіреді, сондай-ақ экономикалық жүйенің қолда бар ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік бермейді және қажетті ресурстардың өсу нүктелеріне ағылуын қиындатады.

Қажетті салалық білімі мен тәжірибесі бар басқарушы компаниялардың дербес кластерінің болмауы, сондай-ақ кәсіби консультанттар мен сарапшылардың құзыреттерінің жеткіліксіз деңгейі ТИ индустриясының тәуекелдерін ұлғайтуда.

Бизнеске қаражат салу туралы шешім компанияның қоғамның дамуына қосқан үлесі негізінде қабылданған кезде халықаралық институционалдық инвесторлар тарапынан әлеуметтік-жауапты инвестицияларға деген жоғары сұраныс "саналы" капитализмнің пайда болуын және ESG-инвестицияларының танымалдылығының өсуін көрсетуде.

Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру және ТИ жаһандық нарығында бар капиталға қол жеткізу мақсатында ҚІС бірінші стратегиялық бағытты - Қазақстанда ТИ нарығын және ұлттық экономиканы ілгерілетуді және дамытуды жүзеге асыруда. Осы бағытты іске асыру ҚІС қатысуымен ТИҚ арқылы жүзеге асырылатын болады және ҚІС даму институтының рөлін іске асыруға және Холдингтің даму стратегиясын іске асыруға жәрдемдесуге мүмкіндік береді. Ол үшін мынадай стратегиялық міндеттер айқындалды:

**** ТИ әлеуетін инвестицияланатын капитал, байланыстардың іскерлік желісі, ҚІС қызметкерлерінің тәжірибесі мен білімі арқылы активтер класы ретінде іске қосу.***

Елдегі ТИ нарығын дамыту нарықта жетекші компаниялар құруға мүмкіндік береді, олар өз кезегінде Қазақстанның экономикалық әртараптандырылуына одан әрі ықпал ете алатын болады. Ол үшін ҚІС келесіге назарын аударады:

- Экономиканың шикізаттық емес салаларын, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және кәсіпкерлікті дамыту бойынша Холдингтің негізгі міндеттерін іске асыру шеңберінде ҚІС ұлттық жобаларда және басқа да мемлекеттік экономикалық бағдарламаларда айқындалған басым бағыттарға сәйкес инвестициялауды жалғастырады.

- Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша жұмыс шеңберінде ҚІС қомақты қызметтік тізіммен және қойылған due Diligence процесімен тиімді басқарушы компаниялармен (GP) ынтымақтастықты дамытатын болады, бұл ҚІС қаражатты тарту және қорды басқару бойынша тиімді процестерді әзірлеуде білім және сараптама алуға мүмкіндік береді.

- Халықаралық инвесторларды іздеу мақсатында, сондай-ақ ҚІС қызметінің ашықтығын арттыру үшін Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерін және бейіндік халықаралық іс-шараларда ҚІС-мен ынтымақтастық мүмкіндіктерін ұсынуды кеңейту қажет.

• Халықаралық танылған экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық стандарттарға (ESG) негізделген тұрақты бизнесті дамытуға жәрдемдесу:

Инвестициялау кезінде экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын ескеруді қамтитын жауапты ESG инвестициялық қозғалысы инвестициялау кезінде шешім қабылдау процесінің маңызды бөлігіне айналууда.

Осыған байланысты QIC Жауапты инвестициялау қағидаттары бойынша БҰҰ қауымдастығына (UN Principles of Responsible investments) кіру бойынша мәселені пысықтайды. Аталған қауымдастыққа мүшелік QIC жауапты инвестициялау саласында ішкі құзыреттерін өсіруге және халықаралық институционалдық инвесторлармен және басқа қаржы ұйымдарымен тәжірибе алмасуға ықпал ететін болады.

Жауапты инвестициялау қағидаттары UN Principles of Responsible investments (бұдан әрі - Қағидаттар) мыналарды қамтиды: (1) инвестициялық талдау жүргізу және шешімдер қабылдау процестеріне ESG басқару стандарттарын енгізу; (2) саясатқа және практикалық қызметке ESG басқару стандарттарын енгізу; (3) инвестицияларды алушылардан ESG басқару стандарттарын сақтау туралы ақпаратты тиісінше ашуды талап ету; (4) инвестициялық қызмет шеңберінде Қағидаттарды қабылдауға және жүзеге асыруға жәрдемдесу; (5) Қағидаттарды жүзеге асыру тиімділігін арттыру; (6) Қағидаттарды жүзеге асыру жоспарында қызмет жасау және қол жеткізілген ілгерілеу туралы хабарлау. Қағидаттарды сақтау қаржылық қызмет көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді және компанияның инвестициялық тартымдылығын арттырады.

"Жауапты инвестициялау" моделіне көшу мақсатында QIC инвестициялық процестің барлық кезеңдерінде-жобалық ұсыныстарды іздеу, инвестициялық шешімдерді қабылдау, қаржыландырылған жобалардың өмірлік циклінің мониторингі (оның ішінде экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау) және жобадан шығу – ESG-факторларын бағалауды енгізуге ұмтылады. ESG-интеграция әдісі QIC үшін материалдық-маңызды болып табылатын экологияға, әлеуметтік салаға және басқаруға байланысты факторларды талдаудың нәтижесінде анықталған тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалауды болжайды.

QIC қажетті ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту арқылы барлық бизнес-процестерге ESG-ті енгізуді қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, ішкі нормативтік құжаттарға және GRI (Global Reporting Initiative) есептілігі жөніндегі жаһандық бастаманы орнықты дамыту саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қаржылық емес есептілікті уақтылы және сапалы ашуды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Жауапты инвестициялау тәжірибесін енгізу институционалдық инвесторлар үшін QIC-ның көрінуін арттырады және "жасыл" жобалар портфелін өсіру үшін қосымша капиталдандыруды тартуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, болашақта климаттық өзгерістерге қарсы күрес жөніндегі жобаларға бірлесіп инвестициялауға арналған инфрақұрылымдық-климаттық қор/платформа құру мүмкіндігі қаралатын болады. Сондай-ақ, гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге, атап айтқанда Қазақстан әйелдерінің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағдарланған платформалар/аландар құру мәселесі пысықталатын болады.

3.2 2-стратегиялық бағыт: QIC-ның инвестициялық портфелін ұлғайту

Мақсаты: *Портфельдік компаниялардың құнын ұлғайту және МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларының, стрестік активтер мен венчурлік қаржыландырудың жергілікті нарығын дамыту*

QIC ТИ саласындағы бірегей инвестициялық мандатты және ірі ұлттық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу және экспортқа бағдарланған жобаларды дамытуға қатысу есебінен экономиканың басым секторларына инвестициялар көлемін ұлғайту үшін инвестициялық қызметтің елеулі тәжірибесін пайдалануды жалғастыратын болады, сол арқылы өңірлік нарықта үлкен әлеуеті бар ШОБ кәсіпорындарын дамытатын болады.

Екінші стратегиялық бағыт шеңберінде QIC өзінің негізгі қызметін жүзеге асырады - мемлекеттік экономикалық саясаттың басым бағыттарына сәйкес келетін компанияларға ТИҚ арқылы үлестік қаржыландыруды ұсынады.

Бұдан басқа, соңғы үш жылдағы QIC инвестициялық қызметін талдау нәтижесінде, сондай-ақ халықаралық және жергілікті нарықтардағы экономикалық және нарықтық конъюнктураның ағымдағы өзгерістерін ескере отырып, QIC МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларына инвестициялау, стрестік активтер мен венчурлық қаржыландыру сегментіне қатысу арқылы инвестициялық мандатты кеңейту туралы шешім қабылдады.

Осы стратегиялық бағытты іске асыру үшін мынадай стратегиялық міндеттер айқындалды:

*** Өңірдегі нарық көшбасшысы болу үшін үлкен әлеуетке ие кәсіпкерлік субъектілерін дамыту.**

Қазақстандағы ішкі экономикалық процестерге ықпал ететін әлемдік макроэкономикалық жағдайдың өзгеруі жағдайында инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде салалық талдау нәтижелерін кейіннен қолдану үшін экономиканың шикізаттық емес секторындағы салалардың инвестициялық тартымдылығына тұрақты талдау жүргізу қажет.

Осыған байланысты QIC тұрақты негізде Қазақстанның басым экономикалық секторларының бәсекеге қабілеттілігіне диагностика жүргізу арқылы инвестициялау үшін тартымды салаларды анықтау, сондай-ақ салалық ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізетін болады.

Сонымен қатар, негізгі салалардағы байланыстардың іскерлік желісін дамыту, кэптивті қорлармен бірлесіп жұмыс істеу және инвестициялық активтерді сатып алуда GP командаларын қолдау арқылы портфельдік компаниялардың қосымша құнын құру талап етіледі.

Портфельдік компанияларда тәуелсіз басқарушы командалармен өзара іс-қимыл жасау арқылы олардың дамуына белсенді қатысу арқылы қосымша құнды құруға болады (атап айтқанда, стратегиялық репозициялау, бизнестің тиімділігін арттыру, капитал құрылымын оңтайландыру және кірістерге салық салу).

Қосымша құнды құрудың негізгі үш бағыты шеңберінде, (i) күшті компанияны сатып алу және кейіннен құнды құру үшін бірнеше қосымша сатып алу (Buy and Build strategy), (ii) синергия және біріктірілген операциялық мүмкіндіктер есебінен құнды құрайтын стратегиялық бірігулерді жүзеге асыру, (iii) жаңа нарыққа/өңірге шығу (компанияның нарықтағы үлесін ұлғайту мақсатында, оның ішінде экспорт есебінен), (iv) қолда бар өнімді (көрсетілетін қызметті) кеңейту немесе жаңасын іске қосу (мысалы, әлемдік нарықтардағы қолда бар өнімді масштабтау), (v) портфельдік компанияның басқару командасын жақсарту және оның стратегиялық шешімдер қабылдау процесіне қатысу деңгейін арттыру арқылы QIC-ның басқарушы компанияларға кейбір бастамаларды жүзеге асыруда көмек көрсету арқылы портфельдік компанияларды дамытуда әлеуеті бар. Осы тәсілдердің әрқайсысы QIC- нан тиісті дағдылардың болуын және нақты салаларда сарапшылардың іскерлік желісін құруды талап етеді. Мұндай жағдайда өсу жолында QIC портфельдік компанияларға ілесіп, өз сараптамасымен бөлісе алады және портфельдік компанияларды басқаруға тартуда ашығырақ қолжетімділікке ие болады.

• АӨК-тегі қаржыландырудың қолжетімділігін, өндірісті техникалық жарақтандыру және қарқындату деңгейін арттыру

АӨК секторы кез келген мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыратын стратегиялық маңызды саласы болып табылады. Қаржыландырудың жетіспеушілігі көптеген ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің қызметін қиындатады. Бұл ретте, өндірісті қолдаудың негізгі элементі мемлекеттік қолдау механизмдері болып табылады.

Орта мерзімді келешекте Қазақстан экономикасы негізінен АӨК, өңдеуші өнеркәсібі, құрылыс және қызметтер көрсету өндірісінің өсуі есебінен орта есеппен 4,7% деңгейінде өсетін болады.¹³

Осыған байланысты АӨК саласындағы инвестициялық жобаларды уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз ету қажет.

¹³ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің сайтынан алынған деректер

Ауылдық жерлерде тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне және кәсіпкерлерге несие беру үшін ҚІС несиелік серіктестіктер үшін апекс қорын құру бойынша жұмыс жүргізетін болады.

Бұдан басқа, ҚІС және ЕҰ кәсіпорындардың технологиялық деңгейін арттыру және ұйым қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тиімділігін арттыруға, жаңартуға, технологиялық қайта жарақтандыруға және еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін технологиялық шешімдерді енгізу үшін технологиялық сараптама бойынша қызметтер көрсететін болады. Бұл қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында кәсіпорындардың жұмысына енгізілуі мүмкін жаңа шешімдер мен технологияларды нарықта табу үшін тиімді құрал болып табылады.

Инновацияға инвестициялар мен өнімділіктің өсуі арасындағы қатынастар сызықты емес және жаңа технологияларға инвестициялардың белгілі бір сыни массасына қол жеткізілгеннен кейін ғана тұрақты оң байланысқа ие болатындығын атап өткен жөн.

• **МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларының, стресті активтер мен венчурлік қаржыландырудың жергілікті нарығын дамыту:**

○ *ҚІС-ның венчурлік қаржыландыру нарығын дамытуға қатысуы*

Жаһандық венчурлық капитал нарығындағы белсенділіктің төмендеуіне қарамастан, Азиядағы экономикалық және саяси тұрақсыздықтан туындаған инвесторлардың белгісіздігіне байланысты компания дамуының кейінгі кезеңдерінде (D кезеңіндегі венчурлық капитал активтері) тәуекелі аз инвестициялар көлемінің тұрақты өсуі байқалады. Сондай-ақ кейбір факторлар мен болжамдарға байланысты өсіп келе жатқан технологиялық компанияларды қаржыландыру нарығының даму перспективалары байқалады:

1. Экономикалық тұрақсыздық кезінде инновацияларға сұраныстың артуы;
2. Халықтың ақпараттық технологиялардың инновациялық өнімдеріне белсенді көшуі (қолма-қол ақшасыз төлемдер, электрондық коммерция және қаржылық технологиялар мен тұтыну қызметтерінің өзге де қызметтері);
3. Үкімет тарапынан нарықтық белсенділікті арттыратын қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары;
4. Стартаптарды дамытуға және инвестициялық белсенділікті арттыруға ықпал ететін бизнес-инкубаторлар желісін дамытуды мемлекеттік қолдау;
5. Венчурлік қаржыландыру нарығының халықаралық қатысушылары үшін тартымдылығын арттыратын венчурлік инвестициялардың жаһандық қорларымен мемлекеттің ынтымақтастығы;
6. Білім беру, ауыл шаруашылығы, логистика және тау-кен саласындағы инновациялардың күтілетін өсімі. Мұндай инновациялар үлкен деректермен және жасанды интеллект құралдарымен байланысты болады.

Сондай-ақ, инновациялық экономиканы дамыту жөніндегі нарықты қаржыландырудың қосымша мүмкіндіктерін ұсынатын мемлекеттік бастамалар Қазақстанда венчурлік қаржыландыру нарығын дамытудың кейбір катализаторлары болып табылатынын атап өткен жөн.

Алайда, қазақстандық стартаптардың халықаралық нарықтағы шектеулі бәсекеге қабілеттілігі қазақстандық венчурлік қаржыландыру нарығындағы негізгі қиындықтардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, отандық бизнес-креаторлардың өзінің негізгі қызметінің толық қаржыландырылмау проблемаларына ие және нәтижесінде көрсетілетін қызметтердің сапасы нашар және олардың спектрі шектеулі болып табылады.

Технологиялық бизнес үшін венчурлік инвестициялардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мыналар қажет:

- венчурлік қорларға сыртқы инвестицияларды тарту;
- Қазақстанның технологиялық компанияларына инвестициялау;
- венчурлік қорлар инвесторлары үшін инвестицияланған капиталдың жоғары кірістілігін алу;
- венчурлік қаржыландыру нарығын дамытуға жәрдемдесу.

Халықаралық қорлар қоры ретінде және ТИ GPCA халықаралық қауымдастығының мүшесі ретінде QIC жаһандық венчурлік қорлармен ынтымақтастықтың артықшылығына ие, бұл қазақстандық жобалардың жаһандық нарықтағы тартымдылығын одан әрі арттыруға көмектеседі. QIC ерте (жеке инвестициялардан инвестициялық қорларға көшу кезеңінен кейін) сатыларда және өсу сатыларында, сондай-ақ масштабтау әлеуеті жоғары салаларда (тұтыну тауарлары мен қызметтері сияқты) инвестицияларға назар аудара отырып, венчурлік қаржыландыру сегментін дамытуға қатысатын болады.

Осыған байланысты қосымша капиталды тарта отырып, ағымдағы инвесторлармен бірлесіп инвестициялау, венчурлік қорларда жауапкершілігі шектеулі әріптес ретінде қатысу жолымен венчурлік қаржыландыру нарығын дамытуға қатысу бойынша жұмыс жалғастырылады. Венчурлік қорларды басқару саласындағы өз құзыреттерін одан әрі ұлғайту және басқару үшін комиссия (management fee) есебінен кірісті өндіру мақсатында венчурлік қорлардың басқарушы компаниясы (GP) ретінде жұмыс жүргізілетін болады.

9-кесте: QIC-ның венчурлік қаржыландыру нарығына қатысуының негізгі опциялары

	Тәжірибелі қызметкерді/команданы жалдау/қолда бар капиталмен инвестицияларды жүзеге асыру үшін кэптивті команда құру	Қазіргі уақытта қол жетімді капитал есебінен ағымдағы инвесторлармен бірлесіп инвестициялау	Мемлекеттен және үшінші тұлғалардан қосымша капиталы бар меншікті венчурлік қорларды құру	Акционерден қосымша капиталды тарта отырып, венчурлік қорларға LP ретінде кіру
Сипаттамасы	Венчурлік қаржыландыру нарығына кіру үшін қысқа мерзімді перспективада қолда бар капиталды пайдалана отырып, шағын ТИ жүзеге асыру үшін венчурлік қаржыландыруда бірегей сараптамасы бар тәжірибелі қызметкерді (немесе команданы) алу мүмкіндігі қаралады. Бұл ретте, ішкі құзыреттер мен тәжірибені дамыту үшін тәжірибелі халықаралық командамен синергияда бірлескен GP ретінде жұмыс істейтін жеке кэптивті команда құруға болады. Өсіп келе жатқан технологиялық компанияларды қаржыландыру жөніндегі мәмілелерді жүргізу үшін бағалаудың жеткілікті дәлдігін қамтамасыз ету үшін жеке ИК (мысалы, тәуелсіз қатысушылар саны аз) құру қажет.	Венчурлік қаржыландыру саласында тәжірибе мен білім алу үшін төменде келтірілген өлшемшарттарды басшылыққа ала отырып, танылған және беделді венчурлік қорлармен бірлесіп инвестициялауды қарастыруға болады. Бірлесіп инвестициялау практикалық тәсілді талап ететіндіктен, неғұрлым терең қарым-қатынас орнату және олардың инвестициялық стратегияларын, құрылымдары мен процестерін жақсы түсіну үшін QIC жетекші венчурлік компаниялармен тығыз байланыста жұмыс істеу мүмкіндігі бар.	Венчурлік қаржыландыру стратегиясы мен үдерістері туралы тәжірибе мен түсінікке ие болған QIC төмендегі өлшемшарттарға сүйене отырып, стратегиялық әріптеспен (мысалы, "QazTech Ventures" АҚ жағдайындағыдай тәжірибелі аймақтық GP-мен бірлескен кәсіпорын) бірлесіп, өзінің венчурлік қорларын құруға мүмкіндігі бар. Мысалы, Қазақстанда кәсіпкерлік пен инновацияларды дамыту үшін мемлекеттің қатысуымен 2-3 млн АҚШ доллары мөлшерінде қор құруға болады.	Венчурлық қорларға инвестициялау ерекшелігін тереңірек түсіну арқылы төмендегі өлшемшарттарға сүйене отырып, венчурлық қорларға LP ретінде инвестициялау мүмкіндігі бар.
Меншік	К/Ә	К/Ә	• Инвестицияның ең аз мөлшері 10 мың АҚШ доллары (300 мың АҚШ долларынан 1,5 млн АҚШ долларына дейін) болатын нысаналы компаниялардағы миноритарлық акционер	* Қордағы миноритарлық үлестер (10-20% максимум)
География және кезең	* Қазақстанға, Орталық Азия елдеріне және БАӘ-ге фокус	* Қазақстандық нарыққа фокус * Жеке инвестициялардан инвестициялық қорларға көшуден кейінгі кезең. "QazTech Ventures" АҚ инвестицияларының келесі раундтарына инвестиция салған дұрыс	* Қазақстандық нарықтың елеусіз көлемін назарға ала отырып, Қазақстан мен Орталық Азия өңіріне (Quest Venture-ге сілтеме) фокус * Жеке инвестициялардан инвестициялық қорларға көшу кезеңінен кейінгі раундтар	* Қазақстандық нарықтың елеусіз көлемін назарға ала отырып, Орталық Азияда болумен өңірлік қорларға (Quest Venture-ге сілтеме) фокус * Жеке инвестициялардан инвестициялық қорларға көшу кезеңінен кейінгі раундтар
Әріптес	* К/Ә (бұл опция QIC-ға венчурлық қаржыландыру нарығында іскерлік желі бойынша жұмыс істеуге, сондай-ақ GP ретінде ішкі құзыреттілікті арттыруға көмектеседі)	* Көбірек тәжірибе алу үшін тәжірибелі GP-мен бірлесіп инвестициялау	* Орталық Азиядағы венчурлық қаржыландыру нарығындағы тәжірибелі GP-мен әріптестік (мысалы, Quest Venture)	* Жақсы қызмет тәжірибесі бар және үшінші немесе төртінші қорын ашатын тәжірибелі GP қоры

Дереккөзі: QIC талдауы

○ *QIC-ның стрестік активтер нарығына қатысуы:*

Стресті активтер нарығының ағымдағы ахуалын, атап айтқанда нарықтың мөлшерін және онда белсенді қатысушылардың болмауын (тиісті сараптаманың болмауына байланысты), сондай-ақ банк секторындағы жағдайдың күтілетін нашарлауын, оның ішінде COVID-19 және таяудағы экономикалық күйзелістерге (ұлттық валютаның девальвациясы және мұнай бағасының төмендеуі) байланысты жұмыс істемейтін қарыздардың ұлғаюын ескере отырып, нарық көлемінің айтарлықтай өсуі күтіледі.

Алайда, қазіргі уақытта стресті активтер нарығы жақсы ойластырылған нормативтік базаны, жұмыс істемейтін қарыздарды қалпына келтіру жөніндегі инфрақұрылымды және мемлекеттік қорлар мен ЕДБ арасындағы ынтымақтастықты жақсарту үшін коммерциялық жағдайларға қатысты құрылымдалған әдіснаманы қажет ететінін атап өткен жөн.

Осыған байланысты, стресті активтер нарығын дамытуға қолайлы жағдайлар жасау мақсатында QIC стресті активтер қорларына қатысатын болады, олар өз кезегінде стресті активтерге (оның ішінде өз борыштарына қызмет көрсете алмайтын компаниялардың немесе өтімділікпен проблемалары бар және операциялық өзгерістерді қайта құрылымдау және жүзеге асыру үшін қосымша капиталды қажет ететін компаниялардың борыштық міндеттемелеріне) инвестицияланатын болады. Стресті активтер қоры, әдетте, қайта құрылымдау арқылы пайда табу мақсатында сенімді бизнес-моделі және елеулі ішкі құны (intrinsic value) бар компанияларға инвестиция салуға ұмтылады.

QIC бірінші кезектегі талап ету құқығымен борыштық құралдарға инвестицияларға назар аудара отырып, сондай-ақ стрестік активтер қорларындағы миноритарлық үлестерді иелене отырып, стрестік активтер сегментін дамытуға қатысады.

Бұдан басқа, жергілікті нарықтың жинақталған тәжірибесі мен білімін ескере отырып, QIC кэптивті қорлары жергілікті нарықтың және жобалардың сараптамасын ұсыну үшін бірлескен GP ретінде тартылуы мүмкін.

10-кесте: QIC-ның стрестік активтер нарығына қатысуының негізгі опциялары

	Акционерден капиталы бар жаңа қорды басқару үшін өңірлік және/немесе халықаралық GP-мен бірлескен кәсіпорын құру	Акционерден капиталы бар жаңа қорды басқару үшін тәжірибелі команданы жалдау	Акционердің қосымша қаражаты бар стресті активтер қорына LP ретінде қатысу
Сипаттамасы	<p>QIC стресстік активтерді басқаруда тәжірибесінің жоқтығын және осыған байланысты тәуекел деңгейін назарға ала отырып, QIC үшін қорды басқаратын GP өңірлік/халықаралық GP бірлескен кәсіпорын құру мүмкіндігін қарастыру қажет:</p> <p>Меншік: бірлескен кәсіпорын әріптесімен бақылау пакетін бөлу</p> <p>География: Қазақстанға фокус</p> <p>Құрал: бірінші кезектегі талап ету құқығы бар борыш (кепілмен қамтамасыз етілген)</p> <p>Әріптес: қорды басқару үшін халықаралық стресстік активтер нарығында тәжірибелі GP-мен әріптестік. Активтердің осы сыныбын басқарудағы ерекшеліктер мен қиындықтарды ескере отырып, тәжірибелі GP-мен ынтымақтастық негізгі компонент болып табылады (яғни бағалау, қайта құрылымдау, құқық және банкроттықты басқару саласында жоғары білім деңгейі қажет). Стресті активтер қорын құру қиын жағдайға тап болған қазақстандық компанияларды қолдай отырып, QIC-ның беделі мен имиджін арттырады, бұл ел экономикасының дамуына ықпал етеді.</p>	<p>Стресті активтер нарығында тәжірибе жинау үшін проблемалық банктік қарыздар, банкроттықты басқару саласында, сондай-ақ заң, банк ісі, бағалау және қайта құрылымдау сияқты салаларда кең білімі бар тәжірибелі команданы (4-5 адам) жалдау мүмкіндігін қарастырған жөн.</p> <p>Бұл инвестициялық команда қолжетімді капиталды немесе арнайы бөлінген қаражат пулын басқаратын болады.</p> <p>Бұл ретте, QIC кәсіптік командасы жергілікті нарық пен жобаларға сараптама ұсыну үшін бірлескен GP ретінде тартылуы мүмкін. Бұл QIC-ның стрестік активтер қорларын басқару бойынша ішкі құзыреттерін өсіруге мүмкіндік береді.</p>	<p>Неғұрлым ұзақ мерзімді перспективада проблемалық активтер нарығын дамытқаннан кейін және Қазақстан нарығында қорларды белсенді басқарушылар болған кезде төменде келтірілген өлшемшарттарға сүйене отырып, нарыққа LP ретінде қатысу нұсқасын қарау керек:</p> <p>Меншік: қордағы миноритарлық үлес (10-20% макс.)</p> <p>География: Қазақстанда стресстік активтердегі қорларды тәжірибелі басқарушылардың болмауын ескере отырып, қордың инвестициялық бағыты Қазақстан мен Азияға бағытталған</p> <p>Мақсатты қор: жақсы тарихы бар және тәжірибелі GP бар қор. Қорды таңдау дұрыс жүргізілген Due diligence процесі негізінде жүзеге асырылуы тиіс.</p>

Дереккөзі: QIC талдауы

○ *QIC МЖӘ инфрақұрылымдық жобалар нарығын дамытуға қатысуы:*

Жалпы, Қазақстанда транзиттік инфрақұрылымды, энергетиканы, әлеуметтік, сондай-ақ коммуналдық құрылысты қоса алғанда, барлық бағыттар мен секторларда инфрақұрылымдық инвестициялар нарығының белсенділігі байқалады. Елдің қолайлы геосаяси орналасуына, жол, теміржол және су арналарының болуына байланысты транзиттік инфрақұрылым инфрақұрылымдық құрылыстың неғұрлым перспективалы бағыттарының бірі болып табылады.

Әлеуметтік инфрақұрылымға сұраныстың артуы медициналық және білім беру салаларында МЖӘ жобаларын іске асыру үшін мүмкіндіктер ашады. Ауруханалар салу саласындағы МЖӘ жобалары инвесторларға тиімді шарттарды ұсынады, соның ішінде тіркелген және бюджетпен қорғалған күрделі шығындар өтемақысы, операциялық және басқару төлемдері, сондай-ақ әртүрлі салықтық субсидиялар.

Сондай-ақ, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мемлекет үшін негізгі ұзақ мерзімді басымдық болып табылатынын атап өткен жөн. Қазіргі уақытта Үкімет жеке инвесторлар үшін жаңартылатын энергия секторындағы тартымды инвестициялық жағдайларды ұсынуда. Жаңартылатын энергия өндірісінің әлеуетін, ХҚҰ-ның қатты қолдауын және мемлекеттік ынталандыруды ескере отырып, митигация және климаттық өзгерістерге бейімделу саласындағы жобалар жеке инвесторлар үшін (халықаралық, сондай-ақ жергілікті) тартымды инвестициялар объектісі болып табылады.

Нарықтың одан әрі дамуы үшін әлеуетін ескере отырып, QIC жергілікті институционалдық инвесторларды және/немесе халықаралық қаржы институттарын тарта отырып, жоғарыда көрсетілген салалардағы инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға бағдарланған қор/платформалар құру арқылы инфрақұрылымдық активтер нарығының дамуына ықпал ететін болады.

11-кесте: QIC-ның инфрақұрылымдық активтер нарығына қатысуының негізгі опциялары

	<p align="center">Кэптивті команданың басқаруымен жергілікті институционалдық инвесторларды және/немесе халықаралық қаржы ұйымдарын тарта отырып, климаттық өзгерістерге митигациялау және бейімдеу саласындағы жобаларға бағдарланған қор/платформа құру</p>	<p align="center">Инфрақұрылымға, денсаулық сақтауға және басқа да әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларға инвестициялар үшін институционалдық инвесторлармен МЖӘ қорын/платформасын құру</p>
<p>Сипаттамасы</p>	<p>МЖӘ жобаларына және митигация мен климаттық өзгерістерге бейімделу саласындағы жобаларға бөлінген мемлекеттік қаражатты пайдалануды шектеу үшін басқа институционалдық инвесторлардың міндеттемелері бар қор/платформа, сондай-ақ жобалық қаржыландыру саласында елеулі тәжірибесі бар мамандардан тұратын арнайы команда құру талап етіледі:</p> <p>* Меншік: қордағы/платформадағы үлес, қалған қорды институционалды инвесторлар тартуы тиіс</p> <p>* Қаржыландыру: Инвестициялардың өтімділігін ескере отырып, Жасыл климаттық қордан (бұдан әрі - ЖКК) қаражат тарту қарастырылуда (ЕҚДБ Қазақстанда осындай жобалар үшін ЖКК мен Климаттық Инвестициялық Қордан (ҚИК) қаражат тарту тәжірибесі бар)</p> <p>* География: Қазақстан/Орталық Азия</p> <p>* Рөлі: механизм құрылымын өзгерту арқылы МЖӘ жобаларын іске асыруға ықпал ететін жағдайларды жасауға белсенді қатысу</p> <p>* Жобаны әзірлеу құралы: Үкімет немесе халықаралық ұйымдар тарапынан өтеусіз қаржыландыру есебінен инвестициялық жобаларға тән тәуекелдерді ескере отырып, жобаларды әзірлеу механизмін құру</p> <p>* Инвестициялау құралы: Үлестік қаржыландыру. Бұл бастама QIC-ге нақты бастамаларды іске асыру үшін капиталды жұмылдыруға, сондай-ақ МЖӘ мен инфрақұрылымдық сектор саласында үлкен сараптаманы дамытуға көмектесетін болады. Сонымен қатар, операциялық активтерді сатып алу және сонымен бірге жергілікті инвесторлар үшін тұрақты кіріс ағынын қамтамасыз ете отырып, халықаралық инвесторлар үшін шығу мүмкіндігін құру үшін Yield Co (негізінен ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша болжамды ақша ағындарын қамтамасыз ететін операциялық активтерді иелену үшін құрылған компания) құру мүмкіндігі бар. QIC-ның жобаларға қатысуы шектеулі екені байқаулардың бірі болып табылады. Алайда, бұл жағдайда қаржыландыру құрылымында орынды қамтамасыз ету үшін инвесторлар мен несие берушілерді тартуда неғұрлым белсенді рөл қабылдау талап етіледі.</p>	<p>МЖӘ бағдарламаларына бөлінген мемлекеттік қаражатты пайдалануды шектеу үшін (МЖӘ механизмі білдіретін) басқа институционалдық инвесторлардың міндеттемелері бар инвестициялау механизмін немесе қорды құру және МЖӘ командасының тәжірибесі мен сараптамасын пайдалану ұсынылады:</p> <p>* Меншік: қордағы миноритарлық үлестер (максимум 10-20%), капиталдың қалған бөлігін институционалдық инвесторлар тартады.</p> <p>* География: Қазақстан</p> <p>* Инвестициялау құралы: Үлестік қаржыландыру, аралық қаржыландыру.</p> <p>Бұл QIC жергілікті капиталды жұмылдыруға және ірі инвестициялар үшін әлеуеті бар басқа инвесторлар үшін оның тартымдылығын арттыруға, сондай-ақ МЖӘ саласындағы сараптаманы арттыруға көмектеседі.</p>

Дереккөзі: QIC талдауы

3.3 3-стратегиялық бағыт: Ұйымның өнімділігін арттыру

Мақсаты: *Операциялық процестерді жақсарту арқылы жоспарланған рентабельділік пен шығынсыздық деңгейін сақтай отырып, QIC-ның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету*

Соңғы үш жылдағы QIC-ның инвестициялық және қаржылық қызметін талдау нәтижесінде, QIC өнімділігін арттыру үшін келесі стратегиялық міндет анықталды:

*** Әрбір инвестиция бойынша тәуекелсіз мөлшерлеме деңгейінен жоғары кірістіліктің оң нормасын белгілеуге және инвестициялар коржыны құнының жылдық 1-ден жоғары мультипликаторына қол жеткізуге бағытталу:**

Әрбір инвестиция бойынша кірістіліктің оң нормасына қол жеткізу инвестицияларды пробелсенді басқаруды талап етеді. Осы мақсатта QIC және ЕҰ Инвестициялық комитетінің (бұдан әрі – ИК) бизнес-процестерін жетілдіру қажет. Осы жұмыс шеңберінде Due Diligence өткізу алдында сапалы сүзгі/ақпарат алмасу процесі енгізілетін болады, QIC және т. б. қатысуымен ИК қорларын құруға жәрдем көрсетіледі.

Бұдан басқа, QIC-ның кэптивті қорларын дамыту қажет. Құнды құруға және инвестициялардан шығуға фокус құру үшін кэптивті қорларда орналастырылатын капиталдың нысаналы кірістілігін нақты түсінуді дамыту талап етіледі. Бұл процесс жүзеге асырылатын инвестициялардың ағымдағы табыстылық деңгейін қайта қарауды қамтиды.

Оң инвестициялық кіріс алу үшін бөлінбеген пайда мен қарыздар есебінен кейіннен өсу мақсатында ақша ағындары мен таза пайда әкелетін инвестициялық бизнес-жоспарды және портфельдің нысаналы құрылымын келесі 3-5 жылға сапалы әзірлеу талап етіледі.

QIC инвестициялық қызметінің шығынсыздығын қамтамасыз ету үшін Холдингтің тиісті талаптарына сәйкес корпоративтік басқару жүйесін, тәуекелдерді басқару жүйесін, АТ жүйесін үнемі жақсартуға ұмтылады. Сонымен қатар, QIC қызметкерлерді оқыту және дамыту жоспарын тұрақты түрде құрады. Сондай-ақ, QIC өзінің бизнес-процестерін оңтайландыру үшін тұрақты жақсарту және үздік әлемдік практикаларды ұстану қағидатын басшылыққа алады.

4. Қызметтің түйінді көрсеткіштері және көрсеткіштерді есептеу әдіснамасы

QIC даму стратегиясын өзектілендіру/қайта қарау қорытындылары бойынша келесі 3 стратегиялық бағыт бойынша 7 стратегиялық ҚТК-дан тізбе жасалды:

- 1) Қазақстанда ТИ нарығы және ұлттық экономиканы ілгерілету және дамыту;
- 2) QIC инвестициялық портфелін ұлғайту;
- 3) ұйымның өнімділігін арттыру.

Даму стратегиясында айқындалған Қоғамның стратегиялық ПӘК-ін орындау 2023 жылға жоспарланған.

12-кесте: Стратегиялық бағыттар бойынша ПӘК

№	Қызметтің түйінді көрсеткіші	Өлш.бірл.	Негіздеме	Есептеу әдіснамасы	2023 жылға арналған нысаналы мақсаты	Деректер көзі
1-стратегиялық бағыт: Қазақстанда ТИ нарығын және ұлттық экономиканы ілгерілету және дамыту						
1	ҚР-ға тартылған инвестициялардың QIC қаражатының бірлігіне коэффициенті	Ара қатынас	Негізгі капиталға инвестициялар тарту бөлігінде "Стратегия-2050", Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары, "Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу" ұлттық жобасының міндеттерін іске асыру үшін	$K = X/Y$, мұндағы K = ҚР-ға тартылған инвестициялардың QIC қаражатының бірлігіне коэффициенті; X = бірлесіп инвестициялау туралы келісімдер шеңберіндегі шетелдік инвестицияларды қоса алғанда, шетелдік қатысуы бар тікелей инвестициялар қорларының (бұдан әрі - ТИҚ) өмірінің барлық кезеңінде жүзеге асырылған ҚР жобаларына QIC-ның ТИҚ-қа инвестицияларын шегергендегі нақты инвестициялар көлемі. Y = ТИҚ өмірінің барлық кезеңінде жүзеге асырылған ТИҚ арқылы ҚР жобаларына QIC инвестицияларының нақты көлемі <i>2023 жылы ҚТК мақсатты мәнін орындау QIC капиталдандыру жағдайында ғана мүмкін болады (QIC қатысуымен жаңа ТИҚ-ты құру мақсатында).</i>	2-ден кем емес	Есепті кезеңдегі QIC даму жоспарының орындалуы QIC-ның орындауға жауапты QIC бөлімшесінің есебі және (немесе) осы көрсеткіштің мониторингі, QIC-ның лауазымды адамы қол қойған, ТИҚ атаулары көрсетілген, есепті кезеңдегі ҚР жобаларына нақты инвестициялар туралы ақпарат (есепті күндегі абсолюттік мәндер), инвесторлардың үлестері (оның ішінде шетелдік) және ТИҚ деректеріндегі QIC және өзге де параметрлері туралы есеп
2	QIC жалпы активтерінен инвестициялық қоржынның үлесі (қазынашылық операцияларды қоспағанда)	%	Активтер қазынашылық қоржынға орналастырылмай, экономиканы дамыту үшін жұмыс істеуі маңызды	$D = I/A$, мұндағы D = жалпы активтерден инвестициялық портфельдің үлесі; I = QIC-ның инвестициялық қоржыны (қазынашылық операцияларды қоспағанда); A = есепті кезеңнің соңындағы активтер жиынтығы (конс).	71,44	Қаржылық есептілік/ Есепті жылдағы Даму жоспарының орындалуы туралы QIC-ның есептемесі / QIC деректері

3	Тұрақты даму бойынша рейтинг	рейтинг	Халықаралық танылған экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық стандарттарға (ESG) негізделген "жауапты инвестициялау" моделін енгізу	Рейтингтік агенттіктің бағалау нәтижелері	D/25%/25 ұпай	Рейтингтік агенттіктің бағалау нәтижелері бойынша есеп
2-стратегиялық бағыт: QIC-ның инвестициялық қоржының ұлғайту						
4	Жылына жаңа инвестициялар көлемі (кэптивті қорларды қоса алғанда)	млн теңге	Қорлар портфелін, бірлескен инвестицияларды, ТИ және инвестицияларды кэптивті қорлар арқылы ұлғайту үшін, бұл елдегі инвестициялық экожүйені нығайтады және оны бірнеше кіші сыныптарда икемді пайдалануға мүмкіндік береді	Есепті кезеңдегі жобалар бойынша пайдаланылмаған қаражаттың қайтарылуын алып тастағанда, есепті кезеңдегі ТИҚ-тан және ЕҰ-дан ("cash calls") ақы төлеуге қызмет көрсетілген талаптардың сомасы	4500	Қаржылық есептілік/ Есепті жылдағы Даму жоспарының орындалуы туралы QIC-ның есептемесі / QIC деректері
5	АӨК саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі (бір жылда), оның ішінде: - ауыл шаруашылығында; - тамақ өнімдерін өндіру саласында	млрд теңге	"Стратегия-2050", Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының, "Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу" ұлттық жобасының және Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тарту бойынша АӨК дамыту жөніндегі ұлттық жобаның міндеттерін іске асыру үшін	АӨК субъектілерінің (оның ішінде өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және азық-түлік өнімдерін өндіру) негізгі құралдарды сатып алуын және ТИҚ-тың тікелей инвестициялары есебінен ҚМЖ жүргізуді қаржыландыру көлемінің сомасы	2	Қаржылық есептілік/ Есепті жылдағы Даму жоспарының орындалуы туралы QIC-ның есептемесі / QIC деректері
6	ТИ нарығындағы жаңа бастамалардың саны	Бірлік (кумулятивті)	ТИ экожүйесін кеңейту және осындай қызмет үшін QIC әлеуетін арттыру мақсатында жаңа бастамаларды іске асыру үшін (бастама қалың жұртшылық үшін ресми түрде іске қосылуы тиіс)	Ресми іске қосылған жаңа бастамалардың (бағдарламалардың немесе инвестициялық платформалардың / қорлардың) саны (кумулятивтік)	6	Есепті жылдағы Даму жоспарының орындалуы туралы QIC-ның есептемесі / QIC деректері
3-стратегиялық бағыт: Ұйымның өнімділігін арттыру						
7	ROA	%	Қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, QIC-ның құнын құру үшін. Бұл ретте параметр тәуекелдерді және операциялық шығындарды басқаруды ынталандырады	Таза пайда (жыл ішіндегі пайда (конс)) / Алдыңғы кезеңнің аяғындағы (конс) және ағымдағы кезеңнің аяғындағы (конс) активтер көлемі арасындағы орташа мән	1	Даму жоспары/ Даму жоспарының орындалуы бойынша есеп

5. Қосымша

№1 қосымша Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, "2009-2019 жылдардағы ЖІӨ-нің және ЖІӨ-нің нақты өсу қарқынының динамикасы". <https://stat.gov.kz/>
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, "АҚШ долларының теңгеге қатысты бағамының динамикасы". <https://nationalbank.kz/>
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, "Қазақстан Республикасына тікелей шетелдік инвестициялар". <https://nationalbank.kz/>
4. ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының 2022-2026 жылдарға арналған болжамы
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, "Клиент түрлері бойынша несиелеудің өсуі". <https://nationalbank.kz/>
6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, "Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі". <https://nationalbank.kz/>
7. Қазақстан қор биржасының 2020 жылғы жылдық есебі, https://kase.kz/files/reports/KASE_meeting_2020_ru.pdf
8. Pitchbook, «2020 Preġin Global Private Equity & Venture Capital» есебі», <https://pitchbook.com/>
9. Bain & Company, «Global Private Equity 2020» есебі». <https://www.bain.com/insights/topics/global-private-equity-report/>
10. «2021 Preġin Global Private Equity & Venture Capital Report» есебі»
11. Merger Market, Capital IQ
12. 2018 Annual VCPE Index report
13. Crunchbase деректер көзі
14. Venture Pulse, Q1'21 KPMG
15. «QazTech Ventures» АҚ 2009-2020 жылдардағы жылдық және қаржылық есептері
16. Дүниежүзілік Банктің 2020 жылғы есебі
17. «Kazakhstan Project Preparation Fund» АҚ деректері
18. QIC, "QIC басқарушылық есептілігі".
19. Жылдық есептер, аудиттелген қаржылық есептілік, жария дереккөздер (2018-2019)
20. FMO, IDBI Bank деректері, "Жылдық есептер". <https://www.idbibank.in/idbi-bank-annual-report.asp>
21. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Сайты
22. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы "Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Қазақстан халқына Жолдауы. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvary-a-2014-g
23. "Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің [Жарлығы](http://www.akorda.kz/ru/legalacts/decrees/o-koncepcii-po-vhozhdeniyu-kazahstana-v-chislo-30-ti-samyh-razvityh-gosudarstv-mira). <http://www.akorda.kz/ru/legalacts/decrees/o-koncepcii-po-vhozhdeniyu-kazahstana-v-chislo-30-ti-samyh-razvityh-gosudarstv-mira>
24. [Ұлт жоспары](#) – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам. https://online.zakon.kz/document/?doc_id-31977084#pos=5;-106
25. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" [қаулысы](#). <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001050>
26. Үкіметтің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 331 қаулысымен бекітілген "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған [Даму стратегиясы](#). <http://www.baiterek.gov.kz/ru/activities/strategy/>

27. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" қаулысы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000423>

№2 қосымша Глоссарий

Термин	Мәні
CAGR	Күрделі пайызды ескере отырып, орташа жылдық өсу қарқыны
Cost	Активті сатып алу кезіндегі инвестициялардың номиналды құны
COVID-19	Жұқпалы ауру
Due diligence	Инвестиция алуға үміткер компания қызметінің барлық аспектілерін тексеру жүзеге асырылатын инвестициялау процесінің кезеңі
ESG (environmental, social and governance factors)	Әлеуметтік саналы инвесторлар әлеуетті инвестицияларды жою үшін пайдаланатын компания қызметіне арналған стандарттар жиынтығы.
Family office	Ауқатты отбасылар үшін инвестициялар мен капиталды басқарумен айналысатын жеке компания
IRR	Инвестицияланған капитал табыстылығының ішкі нормасы.
KASE Private market	ШОБ субъектілеріне ЖШС ұйымдық-құқықтық нысанында жария компания мәртебесін алу қажеттілігінсіз қатысу үлестерімен сауда жасауға мүмкіндік беруге арналған алаң
Lock-up	Ірі ұстаушылардың акцияларын уақытша тоқтату
Private equity	Осы Стратегияның мақсаттары үшін мынадай анықтама тұжырымдалған: инвестициялаудың орта мерзімді көкжиегі бар және капитал өсімінен (capital gains) кіріс алуға және акционерлер үшін құнды ұлғайтуға (shareholder value) бағытталған жеке компаниялардың капиталына инвестициялар
Venture Capital	Айтарлықтай өсу әлеуеті бар компанияларға тәуекелді инвестицияларға бағытталған жеке капиталдың түрі
Бас әріптес	Қордың private equity міндеттемелері бойынша жауап беретін қордың тең құрылтайшысы немесе тең инвесторы, әдетте, қордың басқарушы компаниялары Бас әріптес ретінде әрекет етеді
Инвестициялық қоржын	QIC-ның стратегиялық және өтімді портфелін қамтиды
Қызметтің түйінді көрсеткіштері	Ұйымға оның стратегиялық және тактикалық мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін компания немесе оның жеке бөлімшелері қызметінің индикаторлары.
Өтімді портфель	Ағымдағы шоттардағы ақша және банктердегі QIC-ның қысқа мерзімді депозиттері, тазартылған қымбат металдар, корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, қаржы құралдары, құрылымдық өнімдер
Экономиканың шикізаттық емес секторы	Экономиканың минералдық шикізатты өндіру мен сатумен және геологиялық барлаумен байланысты емес салалары
Жауапкершілігі шектеулі әріптес (LP)	Private equity қорының өз міндеттемелері бойынша жауап беретін және ол қорға енгізген қаражат сомасы шегінде ғана тәуекел ететін тең құрылтайшысы немесе тең инвесторы
ТШИ	Нәтижесінде бір экономиканың резидент инвесторлары елеулі бақылауға немесе басқа экономиканың резиденті болып табылатын инвестициялау объектілерін басқаруға ықпал ету мүмкіндігіне ие болатын халықаралық инвестициялар санаты
Пут опцион	Сатып алушыға активті белгілі бір бағамен көрсетілген мерзімде сату құқығын беретін, бірақ міндеттеме емес опциондық келісім-шарт.
Әділ құн (Fair value)	Осындай операцияны жасауға ниет білдірген, жақсы хабардар тәуелсіз тараптар арасында операция жасау кезінде актив айырбасталуы немесе міндеттеме орындалуы мүмкін сома
Стратегиялық портфель	QIC инвестициялық қорларға, инвестициялық жобаларға және салымдарды, үлестерді, акцияларды, пайларды және QIC қатысуын куәландыратын мүлктік құқықтардың басқа түрлерін сатып алу жолымен жобалық компанияларға инвестициялау бойынша QIC қабылдаған міндеттемелерінің жиынтығы

№ 3 қосымша Аббревиатуралар тізімі

ABF	Almex Baiterek Fund
BVF	«Baiterek Venture Fund» АҚ
BVM	«BV Management» ЖШС
CAGR	Compound Annual Growth Rate
CDC	Commonwealth Development Company
CKIF	CITIC-Kazyna Investment Fund I
DBKEF	DBK Equity Fund C. V.
EBIT	Earnings before interest and taxes
EBITDA	Earnings Before Interest, Taxes, Depreciation, and Amortization
EIF	European Investment Fund
EMPEA	Emerging Market Private Equity Association
ESG	Environmental, Social, and Governance
FDI	Foreign Direct Investment
FGF	Falah Growth Fund
FMO	Entrepreneurial Development Bank
FV	Fair value
GP	General Partner
HHI	Herfindahl-Hirschman index
IIF	Islamic Infrastructure Fund
IPO	Initial Public Offering
IRR	Internal Rate of Return
KCM SDF	KCM Sustainable Development Fund
KCRF	Kazakhstan Capital Restructuring Fund
KGF	Kazakhstan Growth Fund
KIF	Kazakhstan Infrastructure Fund
LP	Limited Partner
MRIF	Macquarie Russia and CIS Infrastructure Fund
NAV	Net Asset Value
RKFN	Russian-Kazakhstan Nanotechnology Fund
ROA	Return on Assets
ROE	Return on Equity
TVPI	Total value to paid-in
VC	Venture Capital
WCP	Wolfensohn Capital Partners
WFE	World Federation of Exchanges
АӨК	Агроөнеркәсіптік кешен
ҚДБ	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банк
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ИИДМБ	Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
МЖӨ	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік
ЕҰ	Еншілес ұйым (-дар)
ИК	Инвестициялық комитет
ҚИҚ	"Қазақстанның инвестициялық қоры" АҚ
ҚТК	Қызметтің түйінді көрсеткіштері
САБК	Стресті активтерді басқару жөніндегі компаниялар
ШОБ	Шағын және орта бизнес
ҚЕХС	Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары
ХҚҰ	Халықаралық қаржы ұйымдары
АХҚО	"Астана" халықаралық қаржы орталығы
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ТИ	Тікелей инвестициялар
ТШИ	Тікелей шетелдік инвестициялар
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ТИҚ	Тікелей инвестициялау қоры (- лар)
ПКҚ	"Проблемалық кредиттер қоры" АҚ

№ 4 қосымша Диаграммалар тізімі

- 1-диаграмма: ЖІӨ динамикасы және ЖІӨ-нің нақты өсу қарқыны
- 2-диаграмма: АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты динамикасы
- 3-диаграмма: Қазақстан Республикасына тікелей шетелдік инвестициялар
- 4-диаграмма: Клиент түрлері бойынша несиеудің өсуі
- 5-диаграмма: Қайта қаржыландырудың мөлшерлемесі
- 6-диаграмма: Листингілік акциялар санының динамикасы
- 7-диаграмма: Сауда-саттық көлемі және ЖІӨ
- 8-диаграмма: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде жеке тұлғаларға ашылған шоттардың саны
- 9-диаграмма: FPI-дің иллюстрациялық өмірлік циклі
- 10-диаграмма: Тартылған қаражаттың жиынтық көлемі және жабық қорлардың саны
- 11-диаграмма: Ғаламдық ТИ нарығы: басқарылатын активтер (dry powder және іске асырылмаған құн)
- 12-диаграмма: ТИ ғаламдық нарығы: capital call-дің жылдық деңгейі, үлестірілген және таза ақша ағындары
- 13-диаграмма: Шығу стратегиясының түрлері бойынша ғаламдық ТИ нарығы
- 14-диаграмма: Алдыңғы 12 аймен салыстырғанда келесі 12 ай ішінде ТИ-ға басқарушы қорлардың орналастыруы күтілетін капитал көлеміне қатысты инвесторлардың ниеті (барлық сұралған инвесторлардан %)
- 15-диаграмма: Инвесторлардың ұзақ мерзімді келешекте жеке инвестициялардың үлесін үлестіру ниеті (барлық сұралған инвесторлардың %)
- 16-диаграмма: Нарық ойыншыларының түрлері бойынша ТИ нарығындағы инвестициялардың жалпы саны
- 17-диаграмма: Индустриялар бойынша бөлуде ТИ нарығындағы инвестициялардың жалпы саны
- 18-диаграмма: 2010-2020 жылдардағы ҚР-ға тікелей инвестициялар түсімі.
- 19-диаграмма: Ойыншылардың түрлері бойынша шығулардың жалпы көлемі
- 20-диаграмма: Шығу стратегиясының түрлері бойынша шығулардың жалпы көлемі
- 21-диаграмма: Елдің жеке инвесторлар үшін тартымдылығының негізгі факторлары
- 22-диаграмма: Басқарудағы стресс активтерінің көлемі, өңірлер бойынша бөліністе
- 23-диаграмма: Венчурлік инвестициялардың көлемі (2011-2020 жж.).
- 24-диаграмма: Секторлар бойынша венчурлік қаржыландыру үрдістері (2013-2021 жж.)
- 25-диаграмма: Өңірлер бөлінісінде тартылған капитал
- 26-диаграмма: Өңірлер бөлінісінде МЖӘ жобаларына инвестициялар (2019)
- 27-диаграмма: QIC-ның ТИҚ-қа инвестициялары, млрд теңге
- 28-диаграмма: Елдер бойынша QIC-ның инвестициялық қоржыны
- 29-диаграмма: Салалар бойынша QIC-ның инвестициялық қоржыны
- 30-диаграмма: Қорлар бойынша өмір сүру мерзімінің хронологиясы (2019 жылдың соңындағы жағдай бойынша)
- 31-диаграмма: QIC қызметінің қаржылық көрсеткіштерін талдау
- 32-диаграмма: QIC-ның кірістері мен шығыстарының жиыны
- 33-диаграмма: Міндеттемелердің қатынасы (теңгерімнен %)
- 34-диаграмма: Активтердің теңгерімнен % қатынасы
- 35-диаграмма: Пайданың жалпы кірістегі пайыздық үлесі

№ 5 қосымша Кестелер тізімі

- 1-кесте: Қазақстандағы ТИ нарығының қатысушылары
- 2-кесте: QIC инвестициялық портфелі (млн-да, 2020 жылғы шілдедегі жағдай бойынша)
- 3-кесте: 2017-2019 жылдардағы еңбек өнімділігін талдау, 1 адамға мың теңге
- 4-кесте: 2017-2019 жылдары ПӘК орындалуы
- 5-кесте: Ұқсас компаниялар қызметінің сипаттамасы
- 6-кесте: Ұқсас компаниялар қызметінің сипаттамасы
- 7-кесте: Ұқсас компаниялардың қаржылық талдауы (2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша ұлттық валютада)
- 8-кесте: SWOT-талдау
- 9-кесте: QIC-ның венчурлік қаржыландыру нарығына қатысуының негізгі опциялары
- 10-кесте: QIC-ның стретік активтер нарығына қатысуының негізгі опциялары
- 11-кесте: QIC-ның инфрақұрылымдық активтер нарығына қатысуының негізгі опциялары
- 12-кесте: Стратегиялық бағыттар бойынша ПӘК